

**"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 26 тамыздағы № 609 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі Ә. Смайылов*

Жоба

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ**

**"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі):

1) 1-баптың 1-тармағында:

38) тармақшадағы "ұйымға берілетін мүлік;" деген сөздер "ұйымға;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"төтенше жағдайдың нәтижесінде зардап шеккен жеке тұлғаға берілетін мүлік;"

49) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"49) өндіру – жер қойнауынан минералдық шикізатты немесе қатты пайдалы қазбаларды жер бетіне алумен және (немесе) пайдалы қазбалар жатқан жерлерден

олардың бөлінуімен, оның ішінде техногендік минералдық түзілімдерден жер асты суларын алумен тікелей байланысты жұмыстардың (операциялардың) бүкіл кешені";

49-1) тармақша алып тасталсын;

53) тармақша "төлем көзінен" деген сөздерден кейін "және жалақының бірыңғай төлемінен" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 3-баптың 4-тармағының екінші бөлігі алып тасталсын;

3) 16-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Электрондық салық төлеуші уәкілетті өкілді салық органдарының веб-қосымшасы арқылы өкілдің тиісті өкілеттіктері көрсетілген, әрбір тараптың электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат арқылы айқындауға құқылы.";

4) 19-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Салықтық құқық бұзушылық белгілерін көрсететін, салықтық тексеру барысында салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді төлеуден жалтару, сондай-ақ әдейі банкроттық фактілері анықталған кезде салық органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес процестік шешім қабылдау үшін тиісті құқық қорғау органдарына олардың тергеуіне жататын материалдарды жібереді.";

5) 24-бапта:

13) тармақшаның сегізінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"туындаған күнінен бастап екі ай бойы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 5 000 еселенген мөлшерінен асатын мөлшерде өтелмеген салықтық берешегі бар заңды тұлғаның, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің, дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлғаның";

15) тармақшада:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"15) корреспонденттік шоттарды, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттен және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерді, мемлекеттік бюджеттен және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақыларды, алименттерді (кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақшаны) алуға арналған банктік шоттарды, сондай-ақ "Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша банктік шоттарды, жеке тұрғын үй қорында жалға алынған тұрғын үй үшін төлем жасау мақсатында төлемдер мен субсидияларды, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделу ақысын төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан есепке алынатын біржолғы зейнетақы төлемдерін қоспағанда, мыналарға:";

мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

"Бұл ретте салықтық берешегі, әлеуметтік төлемдер бойынша берешегі бар салық төлеуші келіскен жағдайда, салық төлеуші салықтық берешегін, әлеуметтік төлемдер бойынша берешегін, оның ішінде берешектің осы түрлерін көрсетілген банктік шоттан аудару арқылы толық өтегеннен кейін, осындай банктік шот бойынша шығыс операцияларын жүзеге асырған жағдайда банк банктік шот ашуға құқылы.";

б) 26-бап мынадай мазмұндағы 27 және 28-тармақтармен толықтырылсын:

"27. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган цифрлық майнингті жүзеге асыратын адамдардан цифрлық активтердің айналымы жөніндегі алынған ақпаратты уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, мерзімдерде және нысан бойынша салық органдарына табыс етуге міндетті.

28. Цифрлық активтер саласындағы уәкілетті орган:

1) майнингтік фермалар және майнерлер тұтынатын энергия көлемі бойынша;

2) цифрлық майнинг үшін пайдаланылатын жабдықтардың саны мен атауы туралы алынған ақпаратты салық органдарына табыс етуге міндетті.";

7) 30-бапта:

1-тармақ 18) тармақшадағы "туралы мәліметтерді қоспағанда, салық органы салық төлеуші (салық агенті) туралы алған кез кезген мәліметтер салықтық құпияны құрайды." деген сөздер "туралы мәліметтерді;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 19) тармақшамен толықтырылсын:

"19) салық есептілігінде көрсетілген жалдамалы жұмыскерлердің санын қоспағанда, салық органы салық төлеуші (салық агенті) туралы алған кез келген мәліметтер салықтық құпияны құрайды.";

3-тармақта:

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық туралы заңнамасында көзделген рәсімдер жүргізілетін борышкерге қатысты қаржы басқарушысына оның құзыреті шегінде;"

5) тармақшадағы "органға ұсынады." деген сөздер "органға;" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғаның, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаның Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде орналасқан шетелдік банктерде ақша қаражатының болуы туралы мәліметтер бөлігінде мемлекеттік органдардың кадр қызметіне ұсынады.

Осы тармақшада көрсетілген уәкілетті мемлекеттік орган мәліметтерге қол жеткізе алатын лауазымды тұлғалардың тізбесін бекітеді;"

8) 36-бап мынадай мазмұндағы 3-1, 3-2 және 3-3-тармақтармен толықтырылсын:

"3-1. Салық төлеушінің салықтық және (немесе) бухгалтерлік есепте не салық төлеушінің салықтық есептілігінде көрсетілуге жататын шаруашылық қызмет фактілері

(осындай фактілердің жиынтығы) туралы мәліметтерді бұрмалау нәтижесінде салық міндеттемесін және (немесе) төленуге жататын салық сомасын азайтуына жол берілмейді.

3-2. Мына шарттардың бірі немесе бірнешеуі:

1) тауарларды өндіру және (немесе) беру, жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету үшін қажетті материалдық ресурстардың уақытын, мүліктің орналасқан жерін немесе көлемін ескере отырып, операцияларды нақты жүзеге асырудың мүмкін еместігі ;

2) жеткілікті еңбек ресурстарының, негізгі құралдардың, өндірістік активтердің, қойма үй-жайларының, көлік құралдарының және өзге де ресурстардың болмауы;

3) бухгалтерлік есеп құжаттарында көрсетілген көлемде өндірілмеген (сатып алынбаған) немесе өндірілуі (сатып алынуы) мүмкін емес тауармен операциялар жасау;

4) экономикалық мағынасы жоқ мәмілелерді (операцияларды) салық салу мақсаттары үшін пайдалану салық төлеушінің келісімшарт жасаушы агентпен мәміле (операция) жасау кезінде салық міндеттемесінің азайтылғаны туралы куәландыратын мән-жайлар болып табылады.

3-3. Осы баптың 3-2-тармағының 1)-4) тармақшаларында көрсетілген мән-жайларды растау үшін келісімшарт жасаушы агентті қарсы тексерулер немесе ол болмаған кезде салықтық тексерулер жүзеге асырылады.";

9) 44-баптың 1-тармағындағы "сенімгерлік басқарушының" деген сөздер " сенімгерлік басқарудың" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 49-баптың 3-тармағы "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарынан импортталатын тауарларға" деген сөздерден кейін ", қол қою бонусына," деген сөздермен толықтырылсын;

11) 51-бапта:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу жөніндегі салықтық міндеттемені орындау мерзімін өзгерту туралы немесе оны өзгертуден бас тарту туралы шешімді осы Кодекстің 50-бабына сәйкес осындай шешім қабылдауға уәкілеттік берілген орган уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша салық төлеушінің өтінішін алған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде қабылдайды. Бұл ретте салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу жөніндегі мерзімді ұзартуды беру туралы шешімге салық міндеттемесін орындау кестесі қоса беріледі.

Салықтарды және (немесе) төлемақыларды төлеу жөніндегі салықтық міндеттемені орындау мерзімін өзгерту туралы шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.";

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

**"7. Салықтық міндеттемені орындау кестесі салық төлеушінің дәлелді өтініші негізінде қайта қаралуы мүмкін.**

**Бұл ретте салықтық міндеттемені орындау кестесі бір реттен асырмай қайта қаралуы мүмкін."**

12) 52-баптың 2) тармақшасының бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мемлекеттік кіріс органдары қойған шектеулерлерді қоспағанда, мемлекеттік органдар қойған шектеулері бар мүлік;"

13) 54-баптың 2-тармағы 4) тармақшадағы "бойынша тоқтатылады, оның ішінде мерзімінен бұрын тоқтатылады." деген сөздер "бойынша;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылысын:

"5) Салықтардың және (немесе) төлемақылардың сомаларын төлеу жөніндегі салықтық міндеттемені орындау кестесінде белгіленген мерзім бес жұмыс күнінен астам уақытқа бұзылған жағдайларда тоқтатылады, оның ішінде мерзімінен бұрын тоқтатылады";

14) 55-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Кодекстің 54-бабы 2-тармағының 2) және 5) тармақшаларында белгіленген жағдайларда кейінге қалдырудың немесе мерзімін ұзартудың қолданылуы тоқтатылған кезде, салық органы салық төлеушінің және (немесе) үшінші тұлғаның кепілге салынған мүлкінен өндіріп алады не банк кепілдігін орындауды талап етеді.";

15) 67-баптың 6-тармағының төртінші және бесінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"осы баптың 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген негіз бойынша қызметті оңайлатылған тәртіппен тоқтату кезінде салықтық есептілікті табыс етуді тоқтата тұру (ұзарту, қайта бастау) туралы салықтық өтініште көрсетілген қызметті тоқтата тұру кезеңі аяқталған;

осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында және 5-тармағының 1-1) тармақшасында көзделген негіздер бойынша қызметті оңайлатылған тәртіппен тоқтату кезінде жеке табыс салығы мен әлеуметтік төлемдер (қызметті тоқтата тұру жағдайларын қоспағанда) есептелген және төленген соңғы ай өткен күннен кейінгі күннен бастап дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінен шығарылған болып танылады.";

16) 69-бапта:

3-тармақтың 6) тармақшасындағы "және жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздер ", жергілікті атқарушы органдардың және "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Салықтық тексеру жүргізудің жалпы тәртібі осы Кодекске және осы Кодекспен реттелмеген бөлігінде Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес айқындалады.";

17) 73-баптың 1-тармағы 8) тармақшадағы "өткізу жолымен жәрдемдеседі." деген сөздер "өткізу;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) Сервистік бағдарламалық өнімдер арқылы, оның ішінде заңды тұлғаның басшысына және (немесе) бюджетпен жұмыс жүргізетін жауапты тұлғаға ақпараттық хабарламалар жіберу жолымен жәрдемделді.

Осы тармақтың 9) тармақшасының ережелері ірі кәсіпкерлік субъектілеріне қолданылмайды.";

18) мынадай мазмұндағы 73-1-баппен толықтырылсын:

"73-1-бап. Тиісті салықтық сақтық.

Салық төлеуші салықтық міндеттемелерін тиісінше орындау мақсатында мәмілелер (операциялар) жасау кезінде тиісті салықтық сақтық танытады.

Тиісті салықтық сақтық таныту жалпыға қолжетімді болып табылатын кәсіпкерлік субъектілері туралы кешенді ақпарат алуға мүмкіндік беретін ақпараттық жүйе арқылы салық төлеушінің сұрау салуы бойынша қалыптастырылған есепті алу жолымен жүзеге асырылады.

Салық төлеушінің (салық агентінің) тиісті сақтықты сақтау фактісін растайтын есеп өнім берушімен мәміле (операция) жасалған күнге дейін кемінде он жұмыс күні бұрын қалыптастырылуға тиіс.

Бұл ретте осындай ақпараттық жүйені пайдалану фактісі электрондық цифрлық қолтаңба арқылы немесе өнім беруші туралы мәліметтерді қарау күніне өзге де тәсілмен сұрау салуға қол қойылғанын куәландыратын мәліметтермен тіркеледі және расталады.

Тиісті салықтық сақтық таныта отырып жасалған және осы Кодекстің 36-бабының 3 -2-тармағында белгіленген мән-жайларға сәйкес келмейтін мәмілелер (операциялар) салықтық бақылау объектісі бола алмайды.";

19) 79-бапта:

3-тармақтағы "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы" деген сөздер "сервистік бағдарламалық өнімдер арқылы" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 80-баптың 3-тармағындағы "электрондық үкімет" веб-порталы" деген сөздер "сервистік бағдарламалық өнімдер" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 85-бапта:

4-тармақтың 1) тармақшасы "қосылған күн салығы" деген сөздерден кейін "немесе ойын бизнесі" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақтың 4) тармақшасының екінші абзацындағы "тоғызыншы абзацында" деген сөздер "сегізінші және тоғызыншы абзацтарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 97-баптың 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Салықтардың, бюджетке төленетін төлемдердің, әлеуметтік төлемдердің, айыппұлдардың, өсімпұлдардың барлық немесе жекелеген түрлері бойынша бюджетпен есеп айырысулардың жай-күйі туралы салық төлеушінің жеке шотынан үзінді көшірмені салық органдары салық төлеушінің сұрау салуы бойынша сұрау салуды алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде береді.";

23) 101-баптың 1-тармағының үшінші бөлігіндегі "азаматтық авиация саласындағы сертификаттарды," деген сөздер алып тасталсын;

24) 108-бапта:

1-тармақта:

4) тармақшадағы "талап арыз немесе өзге де өтініш (шағым қайтарылған)" деген сөздер "шағымды Конституциялық Сот, талап арызды немесе өзге де өтінішті (шағымды) сот қайтарған" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақша:

"егер іс" деген сөздерден кейін "Конституциялық сотта," деген сөздермен толықтырылсын;

"қойған болса," деген сөздерден кейін "Конституциялық сот ісін жүргізу," деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтың 1) тармақшасындағы "талап қоюшы" деген сөздер "субъект шағымнан, талап қоюшы" деген сөздермен ауыстырылсын;

25) мынадай мазмұндағы 108-1-баппен толықтырылсын:

"108-1-бап. Қазақстан Республикасының өнімді заттай нысанда бөлу бойынша үлесіне қарай салықтық міндеттемесі бойынша есепке жатқызу ерекшеліктері

1. Жеке шот заттай нысанда жүргізілген кезде Қазақстан Республикасының өнімді заттай нысанда бөлу бойынша үлесіне қарай салықтық міндеттемесін орындау есебіне жер қойнауын пайдаланушы заттай нысанда беретін пайдалы қазбалардың артық берілген көлемін есепке жатқызуды жүргізу күніне заттай нысандағы салықтық міндеттемені орындау есебіне берілген пайдалы қазбалардың көлемі мен заттай нысандағы салықтық міндеттемені орындау есебіне берілуге тиіс пайдалы қазбалардың көлемі арасындағы оң айырма болып табылады.

2. Жеке шот заттай нысанда жүргізілген кезде Қазақстан Республикасының өнімді заттай нысанда бөлу бойынша үлесіне қарай салықтық міндеттемесін орындау есебіне жер қойнауын пайдаланушы заттай нысанда беретін пайдалы қазбалардың артық берілген көлемін есепке жатқызуды салық органы жер қойнауын пайдаланушының Қазақстан Республикасының өнімді бөлу бойынша үлесі жөніндегі жеке шотты жүргізу орны бойынша – осындай жеке шоттың мәліметтері негізінде жүргізеді.

3. Жеке шот заттай нысанда жүргізілген кезде Қазақстан Республикасының өнімді заттай нысанда бөлу бойынша үлесіне қарай салықтық міндеттемесін орындау есебіне жер қойнауын пайдаланушы заттай нысанда беретін пайдалы қазбалардың артық берілген көлемін есепке жатқызуды салық органы мерзімінде орындалмаған Қазақстан Республикасының өнімді заттай нысанда бөлу бойынша үлесіне қарай салықтық міндеттемесін өтеу есебінен жер қойнауын пайдаланушының есепке жатқызуға салықтық өтінішінсіз жүргізеді.";

26) 116-бапта:

5-тармақтағы "шағым жасалған жағдайда," деген сөздер ", егер осы баптың 5-1-тармағында өзгеше көзделмесе, шағым жасалған жағдайда," деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Уәкілетті орган салық төлеушінің (салық агентінің) тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағымын қанағаттандырусыз қалдырған жағдайда, салық төлеушінің (салық агентінің) мүлкіне билік етуін шектеуді қоспағанда, мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерінің қолданылуы шағымды қарау нәтижелері бойынша шешім шығарылған кезден бастап 15 жұмыс күніне тоқтатыла тұрады.";

27) 117-бапта:

3-тармағының бірінші бөлігі:

мынадай мазмұндағы тоғызыншы абзацпен толықтырылсын:

"сот "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау туралы ұйғарым шығарған кезде – осындай ұйғарым шығарылған күннен бастап;"

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"инвестициялар жөніндегі уәкілетті органмен жасалған инвестициялық салықтық кредит туралы келісім болған кезде оның қолданылу мерзімі кезеңінде және осындай кредит берілген салықтар бойынша.";

4-тармақ 3) тармақшадағы "бастап өсімпұлды есепке жазу қайта басталады." деген сөздер "бастап;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолданудан бас тарту туралы шешімнің заңды күшіне енуі – төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы іс қозғау туралы ұйғарым шығарылған күннен бастап.";

28) 120-баптың 10-тармағының 3) тармақшасындағы "бес жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті мемлекеттік органдарға хабар жіберіледі" деген сөздер "бес жұмыс күнінен кешіктірілмей;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) сот актілерін орындау үшін көзделген тәртіппен атқарушылық іс жүргізу органдары өткізген мүлікке құқықтық ауыртпалықтарды тоқтату үшін – мүліктің өткізілгенін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, сот орындаушысы салық органына өтініш берген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті мемлекеттік органдарға хабар жібереді.";

29) 123-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:



"2. Салық төлеуші (салық агенті) салықтық берешекті өтеу туралы хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей осындай хабарлама жіберген салық органына дебиторлық берешек сомасын көрсете отырып, дебиторлар тізімін табыс етуге міндетті.

Дебиторлардан салық төлеушінің (салық агентінің) пайдасына берешек сомаларын өндіріп алу туралы заңды күшіне енген сот шешімі болған кезде, соттың осындай шешімі де беріледі.

Бұл ретте салық органы салық төлеушінің (салық агентінің) дебиторларын анықтау мақсатында салық органдарының ақпараттық жүйелерінің деректерін пайдалануға, сондай-ақ салық төлеуші (салық агенті) мен оның дебиторлары арасындағы өзара есеп айырысуларды айқындау мәселесі бойынша салық төлеушіге (салық агентіне) тексеру жүргізуге құқылы. Салық төлеушіні (салық агентін) тексеру барысында салық органы дебиторларға қарсы тексеру жүргізуге құқылы.

Бұл ретте салық органы сотта дау айтылатын дебиторлық берешек сомасын растауға құқылы емес.

Салық төлеуші (салық агенті) салықтық берешекті өтеген жағдайда, дебиторлар тізімі немесе өзара есеп айырысуларды салыстырып-тексеру актісі табыс етілмейді.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Дебиторлар өзара есеп айырысуларды салыстырып-тексеру актісін осы баптың 3-тармағының екінші бөлігінде көзделген мерзімде табыс етпеген немесе дебиторлық берешек сомасы расталмаған жағдайда салық органы көрсетілген дебиторларға салықтық тексеру жүргізеді. Бұл ретте салық органы сотта дау айтылатын дебиторлық берешек сомасын растауға құқылы емес. Дебиторлық берешек болмаған жағдайда дебитор өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеру актісімен бір мезгілде салық органына салық төлеуші (салық агенті) алдындағы берешекті өтеу фактісін растайтын құжаттарды табыс етеді.";

5-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Өзара есеп айырысуларды салыстырып-тексеру актісі немесе дебиторлық берешек сомасын растайтын дебиторды тексеру актісі, оның ішінде осы баптың 3-тармағына сәйкес жүргізілген қарсы тексеру және (немесе) табыс етілген сот шешімі негізінде салық органы дебитордың банктік шоттарына салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық берешегі сомасын өндіріп алу туралы инкассалық өкімдер шығарады.";

30) 128-баптың 3-тармағының 3) тармақшасындағы "үш жұмыс күнінен кешіктірмей, салық бұйрығының күшін жояды" деген сөздер "үш жұмыс күнінен кешіктермей;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) және 5) тармақшалармен толықтырылсын:

"4) "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жеке тұлғаға

қатысты сот банкроттығы рәсімін қолдану кезінде – сот банкроттығы рәсімін қолдану туралы шешім шығарған күннен бастап;

5) "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жеке тұлғаға қатысты төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану кезінде – сот төлем қабілеттілігін қалпына келтіру туралы шешім шығарған күннен бастап салық бұйрығының күшін жояды";

31) 132-бапта:

2-тармақтың бесінші бөлігіндегі "хабарламаны алған күнінен бастап күнтізбелік бес күн" деген сөздер "хабарлама табыс етілген күннен бастап бес жұмыс күні" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Осы бапта көрсетілген талап, хабархат немесе уәжді шешім, егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, салық төлеушіге қолын қойғызып жеке өзіне немесе жөнелту және алу фактісін растайтын өзге де тәсілмен табыс етілуге тиіс.

Бұл ретте төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген талап, хабархат немесе уәжді шешім мынадай жағдайларда:

1) пошта арқылы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберілгенде – салық төлеуші пошта немесе өзге де байланыс ұйымының хабарламасына белгі қойған күннен бастап салық төлеушіге табыс етілді деп есептеледі.

Бұл ретте мұндай талапты, хабархатты немесе уәжді шешімді пошта немесе өзге де байланыс ұйымы пошта немесе өзге де байланыс ұйымының қабылдағаны туралы белгі қойылған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жеткізуге тиіс;

2) электрондық тәсілмен жіберілгенде:

салық органы талапты, хабархатты немесе уәжді шешімді веб-қосымшаға жеткізген күннен бастап салық төлеушіге табыс етілді деп есептеледі.

Бұл тәсіл Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес салық органдарымен электрондық тәсілмен өзара іс-қимыл жасайтын салық төлеушіге қолданылады;

талап, хабархат немесе уәжді шешім "электрондық үкімет" веб-порталындағы пайдаланушының жеке кабинетіне жеткізілген күннен бастап салық төлеушіге табыс етілді деп есептеледі.

Бұл тәсіл "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген салық төлеушіге қолданылады.

Талап, хабархат немесе уәжді шешім нысандарын уәкілетті орган бекітеді.";

32) 136-баптың 5-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мерзімдік салықтық тексеру субъектілерін (объектілерін) іріктеу";

33) 137-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Кодекстің 136-бабы 5-тармағының 1) және 2) тармақшаларын іске асыру мақсатында құпия өлшемшарттармен қатар құпия ақпарат болып табылмайтын өлшемшарттар қолданылады. Мұндай тәуекел өлшемшарттарын және өлшемшарттар бойынша тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану тәртібін уәкілетті орган айқындайды.";

34) 142-баптың 1-тармағының 15) тармақшасының екінші абзацы "алып өту," деген сөздерден кейін "сақтау," деген сөзбен толықтырылсын;

35) 145-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мерзімдік салықтық тексерулер;"

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Салық органдары салықтық есептілікті, уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерін, сондай-ақ салық төлеушілердің (салық агенттерінің) қызметі туралы басқа да құжаттар мен мәліметтерді талдау нәтижелері бойынша салық төлеушілерге (салық агенттеріне) қатысты тағайындайтын тексерулер мерзімдік салықтық тексерулер болып табылады.

Уәкілетті органның шешімімен бекітілген жартыжылдық график мерзімдік салықтық тексерулер жүргізуге негіз болып табылады.

Тексерулер жүргізудің жартыжылдық графиктеріне өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

Уәкілетті орган тексерулер жүргізудің жартыжылдық жиынтық графигін тексерулер жүргізілетін жылдың алдындағы жылдың 25 желтоқсанына дейінгі және ағымдағы күнтізбелік жылдың 25 мамырына дейінгі мерзімде ресми интернет-ресурста орналастырады.";

3-тармақтың б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салық төлеуші (салық агенті) мен оның дебиторлары арасындағы өзара есеп айырысуларды айқындау мәселелері бойынша;"

36) 146-баптың 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Хронометраждық зерттеп-қарауды жүргізу кезінде нұсқамада көрсетілген мерзім отыз жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Бұл ретте осы баптың 2, 3, 4 және 5-тармақтарының ережелері хронометраждық зерттеп-қарауларға қолданылмайды.

Хронометраждық зерттеп-қарау, егер тексерілетін тұлға көрсетілген уақытта және күндері өз қызметін жүзеге асыратын болса, жұмыстан тыс уақытта (түнгі уақытта, демалыс, мереке күндері) жүргізілуі мүмкін.";

37) 147-бапта:

1-тармақ "ерекше тәртіп бойынша жүргізілетін" деген сөздерден кейін "мерзімдік" деген сөзбен толықтырылсын;

3-тармақ "ерекше тәртіп бойынша жүргізілетін" деген сөздерден кейін "мерзімдік" деген сөзбен толықтырылсын;

5-тармақта:

бірінші бөлік "ерекше тәртіп бойынша жүргізілетін" деген сөздерден кейін " мерзімдік" деген сөзбен толықтырылсын;

екінші бөлік "ішінара" деген сөзден кейін "мерзімдік" деген сөзбен толықтырылсын ;

38) 150-баптың 2-тармағының бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мерзімдік салықтық тексеру жүргізу кезінде – нұсқама табыс етілген күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде;";

39) 155-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) салық төлеушіден мәмілелер (операциялар) жүргізу үшін салық төлеушінің тиісті салықтық сақтық танытуы туралы мәліметтерді алуға;";

40) 158-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы бөліктермен толықтырылсын:

"Салық төлеуші (салық агенті) салықтық тексеру актісін алудан бас тартқан кезде осы Кодекстің 71-бабында көзделген хаттаманы (актіні) жасай отырып, салықтық тексеру актісінде тиісті жазба жасау жүзеге асырылады.

Бұл ретте хаттама (акт) жасалған күн салықтық тексеру актісін табыс ету күні болып табылады.";

41) 172-баптың 10-тармағының бірінші абзацындағы "импорттаушының таңдауы бойынша" деген сөздер алып тасталсын;

42) 175-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"175-бап. Уәкілетті мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының қызметін бақылау";

1-тармақта:

екінші бөлік "Уәкілетті мемлекеттік органдардың" деген сөздерден кейін "және " Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлік "Жергілікті атқарушы органдардың" деген сөздерден кейін "және " Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының" деген сөздермен толықтырылсын;

43) 189-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы "орналастырғаны үшін төлемақылар қолданылады." деген сөздер "орналастырғаны;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"цифрлық майнинг үшін төлемақылар қолданылады.";

44) 208-баптың 3-тармағының екінші бөлігі алып тасталсын;

45) 209-баптың 5-тармағының 11) тармақшасындағы "ұсынылмаса, салық органдарына ұсынылмады деп есептеледі." деген сөздер "ұсынылмаса;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 12) және 13) тармақшалармен толықтырылсын:

"12) салықтық есептілікті заңды күшіне енген сот шешімі негізінде тіркелуі жарамсыз деп танылған дара кәсіпкер немесе заңды тұлға ұсынса;

13) қосылған құн салығы бойынша салықтық есептілікті осы Кодекстің 85-бабының 4-тармағы 6) тармақшасының сегізінші және тоғызыншы абзацтарында көзделген жағдайларда салық органының шешімі бойынша қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығарылған тұлғалар ұсынса, салық органдарына ұсынылмады деп есептеледі .";

46) 211-баптың 5-тармағында:

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) жеке тұлғаның декларация ұсыну жөніндегі міндеттемесі туындаған жыл басталғанға дейін Қазақстан Республикасында нотариат куәландырған мәмілелер бойынша берешектерден, сондай-ақ сот шешімі бойынша танылған берешектерден басқа жеке тұлғамен арада туындаған қатынастар бойынша қалыптасқан, басқа тұлғалардың жеке тұлға алдындағы берешегін (дебиторлық берешекті) және жеке тұлғаның басқа тұлғалар алдындағы берешегін (кредиторлық берешекті) жеке тұлғалардың декларацияларында көрсету бөлігінде;"

мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларының ережесі:

осы Кодекстің 672-бабында көзделген халықаралық шарт негізінде бюджеттен төленген табыс салығын қайтаруға арналған өтінішті;

осы Кодекстің 672-бабының негізінде ұсынылған өтінішке сәйкес жүргізілген тексеру нәтижелері туралы хабарламаға берілетін шағымды салық органы қарамайтын бейрезиденттер бөлігінде салық агентінің осы Кодекстің 648 және 657-баптарында көрсетілген салықтық есептілікке өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі құқығына қолданылмайды.";

47) 214-баптың 7-тармағы мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Арнайы мобильдік қосымшаны пайдалану арқылы арнайы салық режиміне өткен кезде дара кәсіпкер осы арнайы салық режимінің қолданылуы басталған күннен қызметін қайта бастаған болып танылады.";

48) 225-баптың 2-тармағында:

22) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"22) мынадай:

Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес иесіз деп танылған, энергия беруші ұйым өтеусіз негізде меншікке қабылдаған;

энергия беруші ұйым "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-1-бабының 1-тармағына сәйкес беру кезінде электр энергиясын беру

жөніндегі қызметті жүзеге асырмайтын электр желілерінің меншік иелерінен балансын өтеусіз негізде қабылдаған электр желілерінің құны;"

мынадай мазмұндағы 29) тармақшамен толықтырылсын:

"29) жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлға Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес қор нысанында құрылған коммерциялық емес ұйымнан қайырымдылық көмек шеңберінде өтеусіз алған мүліктің құны, мемлекеттік меншік объектілерін күрделі жөндеу, реконструкциялау құны.";

49) 243-бапта:

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Салық төлеушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын мөлшерде әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына есепке жазылған аударымдар бойынша шығыстары шегерімге жатады.";

мынадай мазмұндағы 14-2-тармақпен толықтырылсын:

"14-2. Жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, пошта жөнелтілімдерін тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын теміржол тасымалдаушысына теміржол көлігімен жолаушыларды тасымалдау кезінде магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтерін өтеусіз негізде, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес теміржол көлігімен жолаушыларды тасымалдау кезінде магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифке 0 мөлшеріндегі уақытша төмендету коэффициентін қолдана отырып, көрсетуге байланысты Ұлттық инфрақұрылым операторы шеккен шығыстар шегерімге жатады.";

50) 244-баптың 1-тармағы 1) тармақшасының төртінші абзацы алып тасталсын;

51) 248-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы "заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерге" деген сөздер "заңды тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге және жеке тұлғаларға" деген сөздермен ауыстырылсын;

52) 252-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Тарату қорына аударымдардың мөлшері мен тәртібі Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта немесе кен орнын игеру жобасында белгіленеді.";

53) 255-бап мынадай мазмұндағы 5 және 6-тармақтармен толықтырылсын:

"5. Жүк тасымалдаушысының Қазақстан Республикасының теміржол көлігі туралы заңнамасына сәйкес жолаушылар қозғалысындағы локомотивтік тартқыш операторына төленген уақытша теңгерімдеу төлемақысы бойынша шығыстарды шегеруге құқығы бар.

6. Осы баптың 5-тармағында көрсетілген шығыстарды шегеру табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган белгілеген мөлшерлер шегінде жүзеге асырылады.";

54) 257-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасындағы "танылатындарды қоспағанда, жұмыскердің осы Кодекстің 322-бабының 1-тармағында көрсетілген, салық салынуға жататын кірістері бойынша шығыстары (оның ішінде жұмыскердің осы Кодекстің 644-бабы 1-тармағының 20), 22), 23) және 24) тармақшаларында көрсетілген кірістері бойынша жұмыс берушінің шығыстары) шегерімге жатады." деген сөздер "танылатындарды;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) салық төлеушінің осы баптың 2-тармағында көзделген шығыстарын қоспағанда, жұмыскердің осы Кодекстің 322-бабының 1-тармағында көрсетілген, салық салынуға жататын кірістері бойынша шығыстары (оның ішінде жұмыскердің осы Кодекстің 644-бабы 1-тармағының 20), 22), 23) және 24) тармақшаларында көрсетілген кірістері бойынша жұмыс берушінің шығыстары) шегерімге жатады.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Салық төлеушінің осы Кодекстің 319-бабы 2-тармағының 1), 5), 7), 8), 9), 10), 10-1), 10-2) және 12) тармақшаларында, 341-бабы 1-тармағының 42) және 44) тармақшаларында көрсетілген шығыстары, оның ішінде жеке тұлғаларға төлемдер түріндегі шығыстары шегерімге жатады.";

55) 264-бап мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) осы Кодекстің 36-бабының 3-2-тармағында көрсетілген мән-жайлар болған кезде, осы Кодекстің 73-1-бабына сәйкес тиісті салықтық сақтық танытпай жасалған мәміле (операция) бойынша шығыстар;"

56) 289-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге ақша жинақтауға бағытталған пәтерлердің, көппәтерлі тұрғын үйдің тұрғын емес үй-жайларының меншік иелерінің міндетті шығыстары;"

57) 293-баптың 4-3-тармағының үшінші бөлігіндегі "кірістер бойынша" деген сөздерден кейін ", күмәнді міндеттемелер бойынша кірістер, өсімпұлдар мен айыппұлдар сомалары бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

58) 305-баптың 2-тармағының 10) тармақшасындағы "ұйым орындамайды." деген сөздер "ұйым;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

"11) "Астана" халықаралық қаржы орталығы туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 6-бабы 2-тармағының шарттарына сәйкес келетін салық төлеушілер орындамайды.";

59) 317-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Төлем көзінен салық салуға жататын кірістер бойынша бірыңғай төлемді төлеушінің жалақысынан жеке табыс салығын есептеуді, ұстап қалуды және аударуды,

сондай-ақ салықтық есептілікті ұсынуды салық агенті осы Кодекстің 89-1-тарауында белгіленген тәртіппен жүргізеді.";

60) 319-баптың 2-тармағында:

23) және 24) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"23) мұндай тұлғаға кредит (қарыз, ипотекалық қарыз, ипотекалық тұрғын үй қарызы, микрокредит) берілгеннен кейін басталған мынадай:

қарыз алушы-жеке тұлға соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде хабарсыз кеткен, әрекетке қабілетсіз, әрекет қабілеті шектеулі деп танылған немесе соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде ол қайтыс болды деп жарияланған;

қарыз алушы-жеке тұлғаға I немесе II топтағы мүгедектік белгіленген, сондай-ақ қарыз алушы-жеке тұлға қайтыс болған;

асыраушысынан айырылған, жүктілігіне және босануына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуына, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылған жағдайларда "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әлеуметтік төлемдер алатын қарыз алушы-жеке тұлғаның көрсетілген төлемдерден басқа кірісі болмаған;

қарыз алушы-жеке тұлғаның және банк (микроқаржы ұйымы, ипотекалық ұйым) алдында қарыз алушы-жеке тұлғамен бірлесіп ортақ немесе субсидиарлық жауапкершілікте болатын үшінші тұлғалардың өндіріп алуды қолдануға болатын мүлкі, оның ішінде ақшасы, бағалы қағаздары немесе кірістері болмаған және Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасына сәйкес сот орындаушысы оның мүлкін немесе кірістерін анықтау бойынша қолданған шаралар нәтижесіз болған жағдайда, сот орындаушысының банкке (микроқаржы ұйымына, ипотекалық ұйымға) атқарушылық құжатты қайтару туралы қаулысы заңды күшіне енген;

ипотекалық шарт жасалған күнге негізгі міндеттемені толық қамтамасыз еткен кепілге салынған мүлік негізгі міндеттеме сомасынан төмен бағамен соттан тыс тәртіппен сауда-саттықта сатылған немесе кепілге салынған мүлік сатылғаннан кейін өтелмеген кредиттің (ипотекалық қарыздың, ипотекалық тұрғын үй қарызының, микрокредиттің) сомасына "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мұндай мүлік кепіл ұстаушының меншігіне өткен жағдайларда, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес кредит (қарыз, ипотекалық қарыз, ипотекалық тұрғын үй қарызы, микрокредит) бойынша, оның ішінде негізгі борыш, сыйақы, комиссия және айыпақы (өсімпұл, айыппұл) бойынша міндеттемелер тоқтатылған кездегі кіріс.

Осы тармақшаның бірінші бөлігі бесінші, алтыншы абзацтарының ережелері:

банктің (ипотекалық ұйымның, микроқаржы ұйымының) жұмыскеріне, банк (ипотекалық ұйым, микроқаржы ұйымы) жұмыскерінің жұбайына (зайыбына), жақын



туыстарына, банкпен (ипотекалық ұйыммен, микроқаржы ұйымымен) өзара байланысты тарапқа берілген;

ол бойынша талап ету құқығын басқаға беру және (немесе) борышты аудару жүргізілген кредит (қарыз, ипотекалық қарыз, ипотекалық тұрғын үй қарызы, микрокредит) бойынша міндеттемелердің тоқтатылуына қолданылмайды;

24) банк (ипотекалық ұйым, микроқаржы ұйымы):

негізгі борышты кешіру;

сыйақы, комиссия, айыпақы (өсімпұл, айыппұл) бойынша берешекті кешіру;

қарыз алушы үшін банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның, сондай-ақ коллекторлық агенттіктің сотқа берілетін талап қою арызынан алынатын мемлекеттік бажды төлеуі нәтижесінде мұндай адам алған кіріс түрінде берген кредит (қарыз, ипотекалық қарыз, ипотекалық тұрғын үй қарызы, микрокредит) бойынша Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес міндеттемелер тоқтатылған кезде түзілген кіріс";

35) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"35) банк және (немесе) Ұлттық пошта операторы қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асырғаны үшін банктің және (немесе) Ұлттық пошта операторының қаражаты есебінен жеке тұлғаның шотына есепке жатқызатын сома";

мынадай мазмұндағы 39-1) тармақшамен толықтырылсын:

"39-1) осы Кодекстің 22-бабының 14-тармағында көзделген тәртіпке сәйкес алынған сыйақы сомасы";

мынадай мазмұндағы 45) тармақшамен толықтырылсын:

"45) "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Заңға сәйкес банкроттық немесе төлем қабілеттілігін реттеу рәсімін қолданған борышкердің міндеттемелерін есептен шығару";

мынадай мазмұндағы 51) тармақшамен толықтырылсын:

"51) салық төлеуші үшін өзге тұлға төлеген салықтардың, әлеуметтік төлемдердің, бюджетке төленетін басқа да төлемдердің, өсімпұлдар мен айыппұлдардың сомасы түріндегі кірістер.";

61) 331-бапта:

1-тармақта:

8) тармақша мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген жылжымайтын мүлікке ерлі-зайыптылардың біреуінің құқығына мұраға қалдыру кезіндегі құн өсімін айқындау мақсаттары үшін осы тармақшаларда көрсетілген кезең ерлі-зайыптылардың осындай мүлікке ортақ бірлескен меншік құқығы тіркелген күннен бастап айқындалады .";

7-тармақтың екінші және үшінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Ғимаратты, ғимараттың бір бөлігін өткізетін, дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлға салған ғимаратты, ғимараттың бір бөлігін өткізген кезде осындай мүлікті өткізу бағасы (құны) мен осындай ғимаратты, ғимараттың бір бөлігін салу үшін сатып алынған жер учаскесінің құны арасындағы оң айырма құн өсімінен түсетін кіріс болып табылады. Ғимараттың бір бөлігін өткізу кезінде жер учаскесінің құны ғимараттың өткізілетін бөлігіне пропорционалды түрде айқындалады.

Кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын, бұрын жеке тұрғын үйден реконструкцияланған ғимарат өткізілген жағдайда, осындай мүлікті өткізу бағасы (құны) мен оны жеке тұрғын үй ретінде сатып алу құны арасындағы оң айырма құн өсімінен түсетін кіріс болып табылады.";

62) 332-баптың 4-тармағы "жеке тұлғаның" деген сөздерден кейін "цифрлық активтер," деген сөздермен толықтырылсын;

63) 341-баптың 1-тармағының 45) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"45) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерлерде бюджет қаражаты есебінен төленетін мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек, жәрдемақылар мен өтемақылар, сондай-ақ тұрғын үй қатынастары туралы заңнамаға сәйкес жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үй үшін ақы төлеу үшін бюджет қаражатынан субсидиялар;"

64) 347-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ерікті зейнетақы жарналарының төленгенін растайтын құжат ерікті зейнетақы жарналары бойынша салықтық шегерімді қолдану үшін растайтын құжаттар болып табылады.";

65) 355-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер мен ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық агенттері жалақының бірыңғай төлемнен есептелген сомаларды жеке табыс салығы және әлеуметтік салық жөніндегі декларацияда көрсетеді.";

66) 363-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:

"12-1) есепті салық кезеңінің 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша меншігінде цифрлық активтері бар Қазақстан Республикасының азаматтары, қандастар және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдар;"

67) 372-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) Қазақстан Республикасының теміржол көлігі туралы заңнамасына сәйкес жолаушылар қозғалысындағы локомотивтік тартқыш операторының уақытша теңгерімдеу төлемақысын алуын білдіреді.";

5-тармақ мынадай мазмұндағы 38) тармақшамен толықтырылсын:

"38) Ұлттық инфрақұрылым операторының жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, пошта жөнелтілімдерін тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын теміржол тасымалдаушысына теміржол көлігімен жолаушыларды тасымалдау кезінде магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтерін өтеусіз негізде, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес теміржол көлігімен жолаушыларды тасымалдау кезінде магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифке 0 мөлшеріндегі уақытша төмендету коэффициентін қолдана отырып көрсетуі.";

68) 379-бап мынадай мазмұндағы 16-тармақпен толықтырылсын:

"16. Берешекті өтеу есебіне бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын банктің еншілес ұйымының балансына бұрын қабылданған кепілге берілген мүліктің төлемін бөліп төлеу шартымен өткізу кезінде сату бойынша айналым жасау күні сатып алу-сату шарты бойынша осындай төлемді алу мерзімі басталған күн немесе оқиғаның қайсысы бұрын басталатынына қарай осындай төлемді алу күні болып табылады.";

69) 381-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы "(зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда)" деген сөздер ", оған қосылған күн салығын енгізбей" деген сөздермен толықтырылсын;

70) 384-баптың 1-тармағының бірінші бөлігінің 2) тармақшасындағы "салықтық кезеңде азайтуға құқығы бар" деген сөздер "салықтық кезеңде;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) соттан тыс банкроттық рәсімі аяқталған немесе "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Заңға сәйкес банкроттық сот рәсімін қолдану туралы сот шешімі шығарылған салықтық кезеңде азайтуға құқығы бар.";

71) 388-бапта:

баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"388-бап. Халықаралық ұшуды, халықаралық әуе тасымалдарын орындайтын шетелдік авиакомпаниялардың әуе кемелеріне жанармай құю кезінде әуежайлар, жерде қызмет көрсету қызметтерін берушілер жүзеге асыратын жанар-жағармай материалдарын өткізуге салық салу";

1-тармақта:

бірінші бөліктегі "әуежайлар" деген сөздер ", жерде қызмет көрсету қызметтерін берушілер" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктегі "әуежайларға" деген сөз ", жерде қызмет көрсету қызметтерін берушілерге" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақта:

бірінші абзацтағы "әуежайлар" деген сөз "жерде қызмет көрсету қызметтерін берушілер" деген сөздермен толықтырылсын;

1) тармақшаның бірінші және екінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) тұрақты рейстерді жүзеге асыру кезінде – әуежайдың, жерде қызмет көрсету қызметтерін берушілердің шетелдік авиакомпаниямен жанар-жағармай материалдарын өткізуді көздейтін және (немесе) қамтитын шарты;

тұрақты емес рейстерді жүзеге асыру кезінде – шетелдік авиакомпанияның өтінімі және (немесе) әуежайдың, жерде қызмет көрсету қызметтерін берушілердің шетелдік авиакомпаниямен шарты (келісімі).";

2) тармақшаның бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"әуе кемесі командирінің немесе шетелдік авиакомпания өкілінің және әуежайдың, жерде қызмет көрсету қызметтерін берушінің жанармай құюды жүзеге асырған тиісті қызметі қызметкерінің қолтаңбалары.";

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) әуежай, жерде қызмет көрсету қызметтерін беруші өткізген жанар-жағармай материалдары үшін ақы төлеу фактісін растайтын құжат";

72) 394-бап мынадай мазмұндағы 51) және 52) тармақшалармен толықтырылсын:

"51) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес қор нысанында құрылған коммерциялық емес ұйымның қайырымдылық көмегі шеңберінде өтеусіз негізде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналымдар;

52) бағалы металдарды өндіру субъектілерінің аффинирленген алтынды Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын зергерлік және басқа да бұйымдарды өндіру субъектілеріне өткізуі бойынша айналымдар қосылған құн салығынан босатылады.";

73) 399-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 19) тармақшамен толықтырылсын:

"19) қамысты шикі қант импорты қосылған құн салығынан босатылады.";

74) 400-бапта:

6-тармақтағы "7" деген цифр "8" деген цифрмен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, пошта жөнелтілімдерін тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын теміржол тасымалдаушысына теміржол көлігімен жолаушыларды тасымалдау кезінде магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтерін өтеусіз негізде, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес теміржол көлігімен жолаушыларды тасымалдау кезінде магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифке 0 мөлшеріндегі уақытша төмендету коэффициентін қолдана отырып көрсету үшін Ұлттық инфрақұрылым операторы пайдаланған немесе пайдаланатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша қосылған құн салығының сомасы осы баптың 1-тармағында белгіленген шарттар сақталған кезде есепке жатқызылуға тиіс.";

75) 403-бап мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) осы Кодекстің 36-бабының 3-2-тармағында көрсетілген мән-жайлар болған кезде, осы Кодекстің 73-1-бабына сәйкес тиісті салықтық сақтық танытпай жасалған мәміле (операция) бойынша алып тастауға жатады.";

76) 404-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы баптың 2-тармағының 1) - 5) тармақшаларында және 3-тармағында белгіленген жағдайларда есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасын түзету осындай жағдайлар басталған салық кезеңінде жүргізіледі.

Осы баптың 2-тармағының 6) тармақшасында белгіленген жағдайда есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасын түзету осы Кодекстің 401-бабының 5-тармағында айқындалған салық кезеңінде жүргізіледі.";

77) 410-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Есепке жатқызуға рұқсат етілмеген қосылған құн салығы осы Кодекстің 243-бабы 9-тармағының мақсаттары үшін есепке алынбайды.";

78) 411-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) ауыл шаруашылығы өнімін, балық өсіру шаруашылығының немесе кәсіпшілік балық аулау өнімін қайта өңдеуді жүзеге асырудың нәтижесі болып табылатын тауарларды өткізу жөніндегі айналымдар бойынша – заңды тұлғалар. Қоғамдық тамақтану саласындағы қызметті қоспағанда, ауыл шаруашылығы өнімін, балық өсіру шаруашылығының өнімін қайта өңдеуге мынадай қызмет түрлері жатады:

ет пен ет өнімдерін өндіру;

жемістер мен көкөністерді қайта өңдеу және консервілеу;

өсімдіктер мен жануарлардың майларын және тоңмайларды өндіру;

сүтті қайта өңдеу мен ірімшік өндіру;

ұн-жарма өнеркәсібінің өнімдерін өндіру;

жануарлар үшін дайын жемшөп өндіру;

нан өндіру;

балалар тағамын және диеталық тамақ өнімдерін өндіру;

крахмал-сірне өнеркәсібінің өнімдерін өндіру;

ауыл шаруашылығы малдарының терілерін және жүндерін қайта өңдеу;

мақта-мата талшығын, мақта талшығын дайындау;

тірі балықты қайта өңдеу;

ашытқы өндіру;

салық төлеуші агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен келісім жасасқан жағдайда, ұзақ сақталатын шоколад, қантты кондитерлік өнімдер, печенье және ұннан жасалған кондитерлік өнімдер өндіру;

қант өндіру;"

79) 412-бапта:

1-тармақта:

1) тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Осы тармақшаның ережелері осы Кодекстің 120-1-бабына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық нысанда шот-фактураларды жазып беруге шектеу болған кезде қолданылмайды.";

8) тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер мен ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін арнаулы салық режимін қолданатын шаруа немесе фермер қожалығы.";

мынадай мазмұндағы 10) және 11) тармақшалармен толықтырылсын:

"10) Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасында айқындалған сәйкестікті растау жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін белгіленген тәртіппен аккредиттелген заңды тұлға;

11) Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кеден өкілі, кедендік тасымалдаушы, уақытша сақтау қоймаларының иесі, кеден қоймаларының иесі және уәкілетті экономикалық оператор болып табылатын салық төлеуші.";

7-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт), Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде жасалған (орындалған) мәмілелер (операциялар) бойынша;"

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Мынадай:

1) осы баптың 13-тармағының бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында, сондай-ақ үшінші бөлігінде көзделген жағдайларда тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушы өнім беруші өткізу бойынша айналым жасаған күннен бастап күнтізбелік бір жүз сексен күн ішінде шот-фактураны жазып беру талабымен осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді берушіге жүгінуге құқылы, ал өнім беруші бұл талапты осы баптың ережелерін ескере отырып, оның ішінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушы туралы мәліметтерде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу сенім білдірілген тұлғасы арқылы жүзеге асырылатын заңды тұлғаның немесе тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алатын дара кәсіпкердің деректемелерін көрсету бөлігіндегі ережені ескере отырып орындауға міндетті;

2) осы баптың 13-тармағының бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген жағдайларда көрсетілетін қызметтерді алушы өнім беруші өткізу бойынша айналым жасаған күннен бастап күнтізбелік бір жүз сексен күн ішінде осындай көрсетілетін қызметтерді берушіге жеке тұлғаның жол жүру фактісін растайтын құжатты немесе шот-фактураны жазып беру талабымен жүгінуге құқылы, ал өнім беруші мұндай талапты осы баптың ережелерін, оның ішінде жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушы туралы мәліметтерде тасымалдау бойынша қызмет көрсетілген жеке тұлғаның деректемелерін көрсету бөлігіндегі ережелерді ескере отырып орындауға міндетті;

3) осы баптың 1-тармағының бірінші бөлігінің 8) тармақшасында көрсетілген салық төлеушіден тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алған жағдайда тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушы өнім беруші өткізу бойынша айналым жасаған күннен бастап күнтізбелік бір жүз сексен күн ішінде осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді берушіге шот-фактура жазып беру талабымен жүгінуге құқылы, ал өнім беруші осындай талапты орындауға міндетті.

Осы тармақтың ережелеріне сәйкес шот-фактураны жазып беру тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу орны бойынша жүзеге асырылады.";

80) 413-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Кодекстің 412-бабы 14-тармағының талаптарын орындау мақсатында шот-фактураны жазып беру айналым жасалған күні немесе жасалған күннен кейін күнтізбелік бір жүз тоқсан бес күн ішінде жүзеге асырылады.";

81) 424-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"4. Осы тармақтың ережесі осы Кодекстің 85-бабы 4-тармағының 4) тармақшасы, 4-тармағы б) тармақшасының сегізінші және тоғызыншы абзацы жағдайларында көрсетілген адамдарға қолданылмайды.";

82) 431-баптың 2-тармағының бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"қалған жағдайларда – жетпіс бес жұмыс күні ішінде.";

83) 440-баптың 5-тармағы мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"Уақытша әкелінген тауарлар әкелу күнінен бастап екі жылдан астам Қазақстан Республикасының аумағында болған жағдайда, осындай тауарларды әкелу салық салынатын импорт болып танылады және осындай тауарларды есепке алуға қабылдаған күннен бастап импортталған тауарлар бойынша осы Кодексте айқындалған тәртіппен және мөлшерде қосылған құн салығын салуға жатады.";

84) 453-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Импорттаушы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарларды бір салықтық кезеңде өткізген кезде шот-фактура электронды түрде салықтық кезеңнен кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірілмей жазып беріледі.

Өзге жағдайларда импорттаушы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарларды өткізген кезде шот-фактура осы Кодекстің 47-тарауында белгіленген мерзімдерде жазып беріледі.";

85) 463-баптың 4-тармағының 1) тармақшасы кестесінің 1, 3, 3-1 және 8-жолдары мынадай редакцияда жазылсын:

"

		80 көлемдік пайыз немесе одан жоғары спирт	
--	--	--	--

1.	2207-ден	<p>концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті (алкоголь өнімін өндіру үшін өткізілетін немесе пайдаланылатын және белгіленген квоталар шегінде мемлекеттік медициналық мекемелерге берілетін денатуратталмаған этил спиртінен басқа), этил спирті және кез келген концентрациядағы денатуратталған өзге де спирттер (ішкі нарықта тұтыну үшін денатуратталған отындық этил спиртінен (этанолдан) басқа (түссіз емес, боялған)</p>	
3.	2208-ден	<p>Денатуратталмаған этил спирті, спирт тұнбалары және 80 көлемдік пайыздан кем спирт концентрациясы бар өзге де спиртті ішімдіктер (алкоголь өнімін өндіру үшін өткізілетін немесе пайдаланылатын және белгіленген квоталар шегінде мемлекеттік медициналық мекемелерге берілетін денатуратталмаған этил спиртінен басқа), этил спирті және кез келген концентрациядағы денатуратталған өзге де спирттер (ішкі нарықта тұтыну үшін денатуратталған отындық этил спиртінен (этанолдан) басқа (түссіз емес, боялған)</p>	2550 теңге/литр 100% спирт
3-1.	2208-ден	<p>Емдік және фармацевтикалық препараттар үшін өткізілетін немесе пайдаланылатын денатуратталмаған этил спирті</p>	600 теңге/литр 100% спирт



8.	2208-ден	Коньяк, бренди	1000 теңге/литр 100% спирт
----	----------	----------------	----------------------------

”;

86) 464-баптың 3-тармағының 2) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

”2) өз қызметінің басталғаны туралы белгіленген тәртіппен хабарлаған мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарына берілгенін этил спирті мен алкоголь өнімін өндірілуді және оның айналымын бақылау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын квоталар шегіндегі этил спирті;”;

”5) есептен шығару және жою туралы актінің негізінде салық органдары қабылдаған ақаулық, жоғалу, бүліну себебі бойынша айналымнан шығарылған идентификаттау құралдары.”;

87) 484-баптың 3-тармағының 3) тармақшасындағы ”53) тармақшасында” деген сөздер ”50) тармақшасында” деген сөздермен ауыстырылсын.”;

88) 505-бап мынадай редакцияда жазылсын:

Елді мекендердің жеріне арналған базалық салықтық мөлшерлемелер алаңның бір шаршы метріне есептегенде мынадай мөлшерде белгіленеді:

Р/с №	Елді мекеннің санаты	Тұрғын үй қоры, оның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен құрылысжайлар алып жатқан жерді қоспағанда, елді мекендердің жеріне арналған базалық салықтық мөлшерлемелер (теңге)
1	2	3
	Қалалар:	
1.	Алматы	28,95
2.	Шымкент	9,17
3.	Нұр-Сұлтан	19,30
4.	Ақтау	9,65
5.	Ақтөбе	6,75
6.	Атырау	8,20
7.	Жезқазған	8,20
8.	Көкшетау	5,79
9.	Қарағанды	9,65
10.	Қонаев	9,17
11.	Қостанай	6,27
12.	Қызылорда	8,68
13.	Орал	5,79
14.	Өскемен	9,65
15.	Павлодар	9,65
16.	Петропавл	5,79

17.	Семей	8,68	
18.	Талдықорған	9,17	
19.	Тараз	9,17	
20.	Түркістан	7,79	
21.	Алматы облысы:		
22.	облыстық маңызы бар қалалар	6,75	
23.	аудандық маңызы бар қалалар	5,79	
24.	Ақмола облысы:		
25.	облыстық маңызы бар қалалар	5,79	
26.	аудандық маңызы бар қалалар	5,02	
27.	облыстық маңызы бар қалған қалалар		облыс орталығы үшін белгіленген мөлшерлеменің 85 пайызы
28.	аудандық маңызы бар қалған қалалар		облыс орталығы үшін белгіленген мөлшерлеменің 75 пайызы
29.	кенттер	0,96	
30.	ауылдар	0,48	

Бұл ретте елді мекендердің санаттары техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен әкімшілік-аумақтық объектілер сыныптауышына сәйкес белгіленеді.

89) 518-бапта:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Егер осы баптың 4-1-тармағында өзгеше белгіленбесе, қаржылық лизингке берілген объектілер бойынша лизинг алушы салық төлеуші болып табылады.";

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Жалға беруші қаржылық жалға берілген объектілер бойынша салық төлеуші болып табылады.";

90) 519-баптың 1-тармағы б) тармақшасындағы "құрылыстар салық салу объектісі болып табылады." деген сөздер "құрылыстар;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген сыныптамаға сәйкес осындайларға жататын ғимараттар мен құрылысжайлар, осындай ғимараттар мен құрылысжайлардың қаржылық жалға берілген және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және (немесе) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес дебиторлық берешек ретінде ескерілетін бөліктері салық салу объектісі болып табылады.";

91) 520-бап мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Осы Кодекстің 519-бабы 1-тармағының 7) тармақшасында көрсетілген дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың салық салу объектілері бойынша объектіні

қаржылық жалға беру күніне бухгалтерлік есептің деректері бойынша айқындалатын баланстық құны салық салу объектісінің салықтық базасы болып табылады.";

92) 529-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тұрғынжайдың, саяжай құрылысының бір шаршы метрінің ұлттық валютадағы базалық құны (Қ б) елді мекеннің түріне қарай мынадай мөлшерде айқындалады:

Р/с №	Елді мекеннің санаты	Базалық құны теңгемен
1	2	3
	Қалалар:	
1.	Алматы	60 000
2.	Шымкент	60 000
3.	Нұр-Сұлтан	60 000
4.	Ақтау	36 000
5.	Ақтөбе	36 000
6.	Атырау	36 000
7.	Жезқазған	36 000
8.	Көкшетау	36 000
9.	Қарағанды	36 000
10.	Қонаев	36 000
11.	Қостанай	36 000
12.	Қызылорда	36 000
13.	Орал	36 000
14.	Өскемен	36 000
15.	Павлодар	36 000
16.	Петропавл	36 000
17.	Семей	36 000
18.	Талдықорған	36 000
19.	Тараз	36 000
20.	Түркістан	36 000
21.	Облыстық маңызы бар қалалар	12 000
22.	Аудандық маңызы бар қалалар	6 000
23.	Кенттер	4 200
24.	Ауылдар	2 700

";

93) 531-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тұрғын үй қоры, соның ішінде оның жанындағы ғимараттар мен құрылыстар (үй маңындағы учаскелерді қоспағанда) алып жатқан жерге арналған базалық салық мөлшерлемелері алаңның бір шаршы метріне есептегенде мынадай мөлшерлерде белгіленеді:

--	--	--

P/c №	Елді мекеннің санаты	Тұрғын үй қоры, соның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен құрылысжайлар алып жатқан жерлерге арналған базалық салықтық мөлшерлемелер (теңге)
1	2	4
	Қалалар:	
1.	Алматы	0,96
2.	Шымкент	0,58
3.	Нұр-Сұлтан	0,96
4.	Ақтау	0,58
5.	Ақтөбе	0,58
6.	Атырау	0,58
7.	Жезқазған	0,58
8.	Көкшетау	0,58
9.	Қарағанды	0,58
10.	Қонаев	0,58
11.	Қостанай	0,58
12.	Қызылорда	0,58
13.	Орал	0,58
14.	Өскемен	0,58
15.	Павлодар	0,58
16.	Петропавл	0,58
17.	Семей	0,58
18.	Талдықорған	0,58
19.	Тараз	0,58
20.	Түркістан	0,39
21.	Алматы облысы:	
22.	облыстық маңызы бар қалалар	0,39
23.	аудандық маңызы бар қалалар	0,39
24.	Ақмола облысы:	
25.	облыстық маңызы бар қалалар	0,39
26.	аудандық маңызы бар қалалар	0,39
27.	облыстық маңызы бар қалған қалалар	0,39
28.	аудандық маңызы бар қалған қалалар	0,19
29.	кенттер	0,13
30.	ауылдар	0,09

”;

94) 550-бапта:

2-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы тараудың мақсаттары үшін тіркеу әрекеттері деп уәкілетті мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен мынадай әрекеттер жасауы түсініледі:";

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) жылжымалы мүлік кепілін және кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу;";

3-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Алымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар, салық органдары, жергілікті атқарушы органдар мынадай құжаттарды немесе олардың телнұсқаларын берген кезде алынады:";

5) тармақша алып тасталсын;

4-тармақта "және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым" деген сөздер алып тасталсын;

5-тармақта "және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым" деген сөздер алып тасталсын;

95) 553-бапта:

3-тармақта кестенің 17., 17.1., 17.2., 2.1. және 2.2-жолдары мынадай редакцияда жазылсын:

"

17.	Жылжымалы мүлік кепілін және кеме ипотекасын мемлекеттік тіркегені үшін:	
17.1.	жылжымалы мүлік кепілін және кеме ипотекасын, сондай-ақ тіркелген кепілдің өзгерістерін, толықтыруларын және тоқтатылуын тіркегені үшін:	
17.2.	жылжымалы мүлік кепілінің және кеме ипотекасының мемлекеттік тіркелгенін куәландыратын құжаттың телнұсқасын бергені үшін **	0,5
2.1.	1.51. - 1.53.1., 1.55. - 1.59., 1.79. - 1.80-тармақтарда көрсетілгендерді қоспағанда, қызметтің барлық түрлеріне	Осы кестенің 1-тармағында белгіленген тиісті мөлшерлеменің 100%-ы
2.2.	1.51. - 1.53.1., 1.55. - 1.59-тармақтарда көрсетілген қызмет түрлеріне	Осы кестенің 1-тармағында белгіленген тиісті мөлшерлеменің 10%-ы

";

4-тармақтағы кестенің 1.5., 2.5. және 3.5-жолдары алып тасталсын;

96) 554-бапта:

4-тармақтың кестесі мынадай мазмұндағы 1.85-жолмен толықтырылсын:

"

11.85.	Денсаулық сақтау саласында дезинфекциялау, дезинсекциялау және дератизациялау бойынша қызметтер көрсету	10
--------	---	----

";

2.1. және 2.2-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

2.1.	1.51- 1.53.1., 1.55. - 1.59., 1.79. - 1.80-тармақтарда көрсетілгендерді қоспағанда, қызметтің барлық түрлеріне.	осы кестенің 1-тармағында белгіленген тиісті мөлшерлеменің 100%
2.2.	1.51-1.53.1., 1.55. - 1.59-тармақтарда көрсетілген қызмет түрлеріне.	осы кестенің 1-тармағында белгіленген тиісті мөлшерлеменің 10% - ы

";

7-тармақ алып тасталсын;

97) 558-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Төлемақы төлеушілер төлемақы сомаларын салық салынатын объектінің тұрған жері бойынша ағымдағы жылғы 25 наурыздан, 25 маусымнан, 25 қыркүйектен және 25 желтоқсаннан кешіктірмей тең үлестермен жыл сайын төлейді.";

98) 6-параграф мынадай редакцияда жазылсын:

"6-параграф. Орман және өсімдік ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы";

99) 584-бапта:

1-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Орман және өсімдік ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы (бұдан әрі осы параграфтың мәтіні бойынша – төлемақы) алынады:

мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдаланудың мынадай түрлері үшін:

";

5) тармақшаның үшінші абзацы "үшін пайдалану" деген сөздермен толықтырылып, төртінші абзацы алып тасталсын;

б) тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"фармацевтикалық, азық-түлік және техникалық қажеттіліктер үшін арнайы пайдалану тәртібімен жабайы өсімдік түрлерін дайындау (жинау) кезінде мемлекеттік орман қоры мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлерінен басқа барлық жер санаттарындағы учаскелерде өсімдік ресурстарын пайдаланғаны үшін.";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Өсімдіктер дүниесі объектілерін арнайы пайдалану құқығы мамандандырылған ұйымдар жүргізген ресурстық зерттеулер материалдарының және фармацевтикалық, азық-түлік және техникалық қажеттіліктер үшін жабайы өсімдік

түрлерін дайындау (жинау) жөніндегі қызметтің басталғаны туралы хабарламаның негізінде беріледі.";

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың өсімдіктер дүниесі саласындағы жергілікті атқарушы органдары тоқсан сайын, есепті тоқсаннан (жылдан) кейінгі екінші айдың 15-күнінен кешіктірілмейтін мерзімде өзінің орналасқан жері бойынша салық органдарына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша өсімдік ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы төлеушілер және салық салу объектілері туралы мәліметтерді табыс етеді.";

100) 585-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"фармацевтикалық, азық-түлік және техникалық қажеттіліктер үшін жабайы өсімдік түрлерін дайындауды (жинауды) жүзеге асыратын тұлғалар.";

101) 586-баптың 1-тармағында:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

2) тармақшадағы "қоспағанда" деген сөзден кейін "мыналар:" "орманды пайдалану көлемі және (немесе) пайдалануға берілетін мемлекеттік орман қоры учаскелерінің, оның ішінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы алаңы" деген сөзбен толықтырылып, келесі абзацтан "фармацевтикалық, азық-түлік және техникалық қажеттіліктер үшін мемлекеттік орман қоры аумағынан және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардан тыс жабайы өсімдік түрлерін дайындау (жинау) көлемін қоспағанда;"

102) 587-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"587-бап. Орман және өсімдік ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы баптың 2-тармағында көрсетілгендерді қоспағанда, төлемақы мөлшерлемелерін орман шаруашылығы және өсімдіктер дүниесі саласындағы уәкілетті органдар айқындаған тәртіпке сәйкес жасалған жергілікті атқарушы органдардың есеп-қисаптары негізінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті өкілді органдары белгілейді.";

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Мемлекеттік орман қоры аумағынан және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардан тыс жерлердегі өсімдік ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері бір килограмм үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және пайдалану құқығы туындайтын тиісті қаржы жылының бірінші күні қолданылатын АЕК-тің еселенген мөлшерінде айқындалады.";

103) 588-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мөлшері осы баптың 2-тармағына сәйкес белгіленетін төлемақыны қоспағанда, орманды пайдаланғаны үшін төлемақы сомасын мемлекеттік орман иеленушілер есептейді және рұқсат беру құжатында көрсетіледі.";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Мемлекеттік орман қоры аумағынан және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардан тыс жерлерде өсімдік ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы сомасын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары есептейді.";

3-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Орманды пайдаланғаны үшін төлемақы сомасы орман пайдалану объектісінің орналасқан жері бойынша бюджетке мынадай мерзімдерде:";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Мемлекеттік орман қоры аумағынан және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардан тыс жерлерде өсімдік ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы сомасы пайдалану объектісінің орналасқан жері бойынша бюджетке тоқсан сайын төлемақының жылдық сомасынан тең үлестермен есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірілмейтін мерзімде төленеді.";

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Өсімдік ресурстарын дайындау кезінде олардың жалпы саны ресурстық зерттеуде көзделген мөлшерге (алаңға) сәйкес келмеген жағдайда, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары немесе олар осыған уәкілеттік берген құрылымдар нақты дайындалған көлем (пайдалану алаңы) үшін төлемақы сомасын қайта есептеуді жүргізеді. Қайта есептеу кезінде белгіленген төлемақы сомасы оны төлеудің кезекті мерзімінде төленеді.";

104) 591-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалану қажеттігі туындайтын тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын:

жаяу жүргіншіден – 0,1 АЕК;

мотоциклдерден, мопедтерден, квадроциклдерден – 0,2 АЕК;

жеңіл автомобильдерден – 0,3 АЕК;

орын саны 16 дейінгі шағын автобустар мен жүк автомобильдерінен – 1,0 АЕК;

орын саны 32 дейінгі автобустардан – 2,0 АЕК;

орын саны 32 жоғары автобустардан – 3,0 АЕК есебінен ерекше қорғалатын табиғи аумақта болған әрбір күн үшін айқындалады.";

105) 605-бапта:

3-тармақ кестесінің 8.1. және 8.2-жолдары мынадай редакцияда жазылсын:

"



8.1	20 ш.м. дейін	20	14	6
8.2.	20 ш.м. жоғары	30	24	16

";

ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескертпе. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру жағы деп орналастырылатын сыртқы (көрнекі) жарнаманың, оның ішінде кескіндердің, бейнекөріністердің, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі жүгіртпе жолдардың санына қарамастан, сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру жағының орналасқан жері мен алаңы негізге алына отырып, сыртқы (көрнекі) жарнама объектісі жағы түсініледі.";

106) 606-5-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Төлемақының сомасы бюджетке салық төлеушінің орналасқан жері бойынша төленуі тиіс.";

107) 609-баптың 1-тармағында:

1) тармақшасындағы 1) деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына берілетін шағымдардан", деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша алып тасталсын;

17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"17) автомобильге арналған мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін қоспағанда, оларды сақтау үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін есепке алу бойынша заңнамасында белгіленген мерзімнен аспайтын кезең ішінде сақтауда болған мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін (телнұсқаларын) бергені үшін;"

108) 610-бапта:

тақырыбындағы "Соттардағы" деген сөз "Қазақстан Республикасының Конституциялық Соттағы және соттардағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармағы мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

"13-1) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін немесе сот банкроттығы рәсімін қолдану туралы өтініштерден – 0,3 АЕК;"

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына берілетін шағымдардан мемлекеттік баж жеке тұлғалардан 1 АЕК мөлшерінде алынады.";

109) 612-бап алып тасталсын;

110) 615-бапта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) мыналарды:

Қазақстан Республикасы азаматының паспортын бергені үшін көлемі бойынша:

22 бет – 4 АЕК (16 жасқа дейінгі балалар үшін);

36 бет – 8 АЕК;

48 бет – 12 АЕК;

азаматтығы жоқ адамның куәлігін, жол жүру құжатын бергені үшін – 8 АЕК;

Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін бергені үшін – 0,2 АЕК;

Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін бір жыл ішінде екі реттен артық жоғалтуына байланысты бергені үшін – 1 АЕК;

шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхатын бергені үшін – 0,2 АЕК;"

111) 616-бапта:

тақырыбындағы "Соттарда" деген сөз "Конституциялық Сотта және соттарда" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Конституциялық Сотта мемлекеттік баж төлеуден жеке тұлғалар – Кеңес Одағының батырлары, Социалистік Еңбек ерлері, үш дәрежелі Даңқ және үш дәрежелі Еңбек Даңқы, "Алтын Қыран", "Отан" ордендерімен наградталған, "Халық қаһарманы", "Қазақстанның Еңбек Ері" атақтарына ие болған, "Батыр Ана" атағына ие болған, "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған көп балалы аналар; Ұлы Отан соғысының ардагерлері, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер және басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар, мүгедектер, сондай-ақ бала жасынан мүгедектің, мүгедек баланың ата-анасының бірі босатылады.";

112) 618-бап алып тасталсын;

113) 623-баптың 1-тармағында:

1) тармақшасы мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты қарайтын шағымдар бойынша – шағым берілгенге дейін;"

3) және 4) тармақшалар алып тасталсын;

114) 631-бапта:

1-тармақта:

1) тармақша мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

"Бұл ретте "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде орналасқан шетелдік банктерде шоттар (салымдар) ашу және иелену, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде орналасқан шетелдік банктерде қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтау жөніндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеуді қабылдайтын адамдар, активтер мен міндеттемелер туралы декларацияда банктік

салым сомасына қарамастан Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі шетелдік банктерде ақшаларының бар екендігі туралы ақпаратты көрсетеді;";

2) тармақшаның төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бағалы қағаздар, туынды қаржы құралдары (орындалуы базалық активті сатып алу немесе өткізу арқылы жүргізілетін туынды қаржы құралдарын қоспағанда), цифрлық активтер;";

4-тармақтың бірінші бөлігінде "арасындағы шарт бойынша" деген сөздерден кейін " осындай декларация табыс етілген күннен кешіктірілмей" деген сөздермен толықтырылсын;

115) 632-баптың 1-тармағы екінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сайланбалы лауазымға мемлекеттік лауазымға не мемлекеттік немесе оларға теңестірілген функцияларды орындауға байланысты кандидаттар мен олардың жұбайлары;";

116) 634-баптың 2-тармағында:

5) тармақша мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Бұл ретте "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде орналасқан шетелдік банктерде шоттар (салымдар) ашу және иелену, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде орналасқан шетелдік банктерде қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтау бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеу қабылдайтын адамдар кірістер мен мүлік туралы декларацияда банктік салым сомасына қарамастан, Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі шетелдік банктерде ақшаларының бар екендігі туралы ақпаратты көрсетеді;";

б) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"эмитенттері Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тіркелген бағалы қағаздар, цифрлық активтер;";

117) 644-баптың 1-тармағында:

5) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) егер осы тармақшада өзгеше көзделген, аванс(алдын ала төлем) төленген күннен бастап екі жылдың кезең өткенге дейін авансты (алдын ала төлемді) төлеген тұлға таратылған кезде таратудың салықтық есептілігін ұсынған күнге бейрезидент қанағаттанбаған тараптың бірі орындаған кезде осы тармақтың 5-1) тармақшасына сәйкес салық салынбаған алған аванс (алдын ала төлем) бойынша міндеттемелер түріндегі кірістер:";

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) шет мемлекетте тіркелген тұлғаның бір мезгілде мынадай:

бейрезидент мемлекетімен қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарт жасалмаған;

шарт (келісімшарт) мерзімі екі жылдан асатын шарттардың бірі болған кезде алған аванс (алдын ала төлем) бойынша міндеттемелер түріндегі кірістері;";

мынадай мазмұндағы 26-1) тармақшамен толықтырылсын:

"26-1) бейрезидент жеке тұлғаларға зейнетақы аннуитеті шарты бойынша жүзеге асырылатын сақтандыру төлемдері;";

118) 645-бапта:

6-тармақ мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:

"б) салық органында салық төлеуші ретінде тіркелмеген резидент емес заңды тұлғаға осы Кодекстің 644-бабы 1-тармағының б) тармақшасында көрсетілген табысты төлеген резидент жеке тұлға.

Бұл ретте, қор биржасында бағалы қағаздармен мәмілелер жасалған жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің 644-бабы 1-тармағының б) тармақшасында көрсетілген табысты төлеген резидент жеке тұлға осы тармақшаның бірінші бөлігін іске асыру мақсатында салық агенті деп танылады.

Резидент емес заңды тұлғаның табыстарынан бюджетке төлем көзінен корпоративтік табыс салығын есептеу, ұстап қалу және аудару осы Кодекстің 650-бабында айқындалған тәртіппен жүргізіледі.";

119) 655-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"бейрезидент жеке тұлғаларға зейнетақы аннуитеті шарты бойынша жүзеге асырылатын сақтандыру төлемдері;";

120) 667-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы бөліктермен толықтырылсын:

"Бұл ретте көпжақты халықаралық шартпен өзгерістер енгізілген, Қазақстан Республикасы халықаралық шарт жасасқан мемлекеттің резиденті болып табылатын бейрезидент-өзара байланысты тарапқа дивидендтер, сыйақы және (немесе) роялти түріндегі кіріс төленген жағдайда салық агенті бір мезгілде мынадай:

мұндай кіріс резиденті бейрезидент болып табылатын шет мемлекеттегі бейрезиденттің салық салынатын кірісіне қосылуға жататын және есепті кезеңде осындай кірісті салық салынатын кірістен алып тастау және (немесе) салық салынатын кірісті осындай кіріс сомасына азайту (түзету) және (немесе) осы салық салынатын кірістен төленген салықты есепті және (немесе) кейінгі кезеңдерде қайтару құқығынсыз салық салынуға жататын;

резиденті бейрезидент болып табылатын шет мемлекетте осы кіріске салық салу кезінде қолданылатын номиналды салық мөлшерлемесі есепті кезеңде кемінде 15 пайызды құрайтын шарттар орындалған кезде осы тармақтың бірінші бөлігінің ережесін қолдануға құқылы.

Осы тармақтың үшінші бөлігінің мақсаты үшін номиналды мөлшерлеме деп шет мемлекеттің салық заңнамасында белгіленген мөлшерлеме түсініледі.";

121) 679-баптың 8-тармағы мынадай мазмұндағы 2-2) тармақшамен толықтырылсын:

"2-2) арнаулы мобильді қосымшаны пайдалана отырып, арнаулы салық режиміне өтуді жүзеге асыратын тұлғалар үшін – қолданылатын салық салу режимі туралы хабарламада арнаулы мобильді қосымшаны пайдалана отырып, арнаулы салық режимін таңдау күні;"

122) 683-баптың 3) тармақшасында:

он төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу заңнамасына сәйкес сауда базарларынан 1, 2 және 3 санаттағы стационарлық сауда объектілеріне жататын сауда объектілерін, сондай-ақ олардың аумағындағы сауда орындарын, сауда объектілерін және қоғамдық тамақтану объектілерін қосалқы жалға беруді;"

он бесінші абзац алып тасталсын;

он алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"бір қонақүйдің немесе осындай қызметтер көрсетілетін жеке тұрған тұрғын емес ғимараттың аумағында қонақүй қызметтерін көрсету саласындағы екі және одан көп салық төлеушінің қызметін;"

123) 684-баптың 1-тармағында қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

124) 686-1-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Арнаулы мобильді қосымшада арнаулы мобильді қосымшаны пайдалана отырып немесе ҚҚС төлеуші болып табылмайтын оңайлатылған декларациясы негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкер мен сатып алушы (клиент) жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушы арасында есеп айырысуды жүзеге асыру фактісін растайтын құжат ретінде арнаулы мобильді қосымшаның чегі қалыптастырылады.";

3-тармақта:

5), 6), 7), 8) және 9) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"5) өткізілетін тауар санаты, орындалған жұмыстар көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеу күні мен уақытын;

6) өткізілетін тауар санатының, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің құнын (өлшем бірлігі үшін);

7) өткізілетін тауар санатының, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің атауын;

8) өткізілетін тауарлар санаттарының, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің көлемін (олардың өлшем бірліктерімен);

9) өткізілетін тауарлар санаттарының, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің жалпы құнын;"

мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың мақсаттары үшін тауар санаты деп функционалдық мақсаты бойынша біріктірілген тауарлар тобы түсініледі.";

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Арнаулы мобильді қосымшаны пайдалана отырып, арнаулы салық режимін қолданатын немесе оңайлатылған декларация негізіндегі дара кәсіпкерлер екінші деңгейдегі банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға, электрондық алаңдардың операторына олардың мобильді қосымшасын пайдаланған кезде арнаулы мобильді қосымшаның чектерін қалыптастыруға уәкілеттік беруге құқылы.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Арнаулы мобильді қосымшаны арнаулы мобильді қосымшаның чегін қалыптастыру және беру үшін оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер жеке табыс салығы мен әлеуметтік төлемдерді есептеу, оларды төлеу және оңайлатылған декларацияны ұсыну бойынша салық міндеттемелерін орындау үшін пайдалануы мүмкін.";

125) 688-бапта:

2-тармақтың екінші бөлігінде "әлеуметтік салық" деген сөздерден кейін "89-1-тарауға сәйкес есептелген әлеуметтік аударымдар сомасын қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақта "және әлеуметтік төлемдердің" деген сөздер "әлеуметтік төлемдер немесе жалақыдан бірыңғай төлем" деген сөздермен ауыстырылсын.";

126) 689-бапта:

бірінші бөлікте "жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен" деген сөздерден кейін "не осы Кодекстің 89-1-тарауында көзделген тәртіппен" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлікте "және әлеуметтік төлемдердің" деген сөздер ", әлеуметтік төлемдердің немесе жалақыдан бірыңғай төлемнің" деген сөздермен ауыстырылсын;

127) 700-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Егер осы тармақтың бірінші бөлігінде өзгеше белгіленбесе, осы баптың 1-тармағында көрсетілген салықтарды есептеуді осы арнаулы салық режимін қолданатын ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен жүргізеді.

Жалақының бірыңғай төлем сомасын төлеуді есептеу осы Кодекстің 89-1-тарауында көзделген тәртіппен жүргізіледі.";

128) 702-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимін қолдану мақсатында жеке меншік және (немесе) жер пайдалану құқығындағы (кейінгі жер пайдалану құқығын қоса алғанда) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің жиынтық алаңы мыналар үшін:

1-аумақтық аймақ – 5 000 га;

2-аумақтық аймақ – 3 500 га;

3-аумақтық аймақ – 1 500 га;

4-аумақтық аймақ – 500 га болып белгіленген жер учаскесінің шекті алаңының көлемінен аспауға тиіс.

Осы тармақтың мақсаттары үшін жер учаскелерін мынадай аймақтарға бөлу қолданылады:

1-аумақтық аймақ: Алматы, Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Түркістан және Жетісу облыстарының, Алматы және Шымкент қалаларының топырақ-климаттық аймақтарындағы шөлді, жартылай шөлді және тау бөктеріндегі шөлді-далалық жерлеріндегі жайылымдар;

2-аумақтық аймақ: Ақмола, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Ұлытау, Абай облыстарының, Нұр-Сұлтан қаласының, сондай-ақ 1-аумақтық аймақтың жерін қоспағанда, Ақтөбе облысының жерлері;

3-аумақтық аймақ: 1-аумақтық аймақтың жерін қоспағанда, суармалы жерлерін қоса алғанда, Атырау, Маңғыстау облыстарының жерлері;

4-аумақтық аймақ: 1-аумақтық аймақтың жерін қоспағанда, суармалы жерлерін қоса алғанда, Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан, Жетісу облыстарының, Алматы және Шымкент қалаларының жерлері.";

129) 705-баптың 2-тармағындағы "жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен" деген сөздерден кейін "не осы Кодекстің 89-1-тарауында көзделген тәртіппен" деген сөздермен толықтырылсын;

130) 707-баптың 1-тармағындағы "және әлеуметтік аударымдардың" деген сөздер ", әлеуметтік төлемдердің немесе жалақыдан бірыңғай төлемнің" деген сөздермен ауыстырылсын;

131) 708-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Арнайы экономикалық аймақ құру мақсатына сәйкес келетін арнайы экономикалық аймақтар бөлінісінде қызметтің басым түрлерінің тізбесін және оны қалыптастыру қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.";

2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы тармақтың бірінші бөлігінің ережелерін қолдану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі көрсетілген арнайы экономикалық аймақтың аумағынан тыс жерлерде жүзеге асырылуы мүмкін "Инновациялық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағын құру мақсатына сәйкес келетін қызметтің басым түрлерінің жеке тізбесін айқындайды.";

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін арнайы экономикалық аймақты құру мақсатына

сәйкес келетін қызметтің басым түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.";

132) 713-баптың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жер қойнауын пайдалануға балама салық төлеушілер болып табылатын, Каспий теңізінің қазақстандық секторында толық орналасқан жер қойнауы учаскесінде (учаскелерінде) және (немесе) тау-кендік бөлуде немесе тау-кендік бөлу болмаған кезде көмірсутектерді өндіруге немесе барлауға және өндіруге арналған келісімшартта көрсетілген көмірсутектер кен жатындары жоғарғы нүктесінің тереңдігі 4500 метрден жоғары емес және тау-кендік бөлуде немесе тау-кендік бөлу болмаған кезде көмірсутектерді өндіруге немесе барлауға және өндіруге арналған келісімшартта көрсетілген көмірсутектер кен жатындары төменгі нүктесінің тереңдігі 5000 метр және одан төмен жер қойнауы учаскесінде (учаскелерінде) көмірсутектерді өндіруге немесе барлауға және өндіруге арналған келісімшарттар шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылар өндірген шикі мұнай мен газ конденсаты экспортының көлемдері кірмейді.";

133) 720-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Каспий теңізінің қазақстандық секторында толық орналасқан жер қойнауы учаскесінде (учаскелерінде) және (немесе) тау-кендік бөлуде немесе тау-кендік бөлу болмаған кезде көмірсутектерді өндіруге немесе барлауға және өндіруге арналған келісімшартта көрсетілген көмірсутектер кен жатындары жоғарғы нүктесінің тереңдігі 4500 метрден жоғары емес және тау-кендік бөлуде немесе тау-кендік бөлу болмаған кезде көмірсутектерді өндіруге немесе барлауға және өндіруге арналған келісімшартта көрсетілген көмірсутектер кен жатындары төменгі нүктесінің тереңдігі 5000 метр және одан төмен жер қойнауы учаскелерінде көмірсутектерді өндіруге немесе барлауға және өндіруге арналған келісімшарттар бойынша салықтық міндеттемелерді орындау тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемнің, пайдалы қазбаларды өндіру салығының және үстеме пайда салығының орнына жер қойнауын пайдалануға баламалы салықты есептеу және төлеу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.";

134) 736-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, салықтық кезеңде өндірілген көмірсутектердің, минералдық шикізаттың, жерасты сулары мен емдік балшықтың жалпы көлемінен пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу мақсатында технологиялық сынап көру мен зерттеулер жүргізу үшін берілген көмірсутектердің, минералды шикізаттың, жерасты сулары мен емдік балшықтың көлемі алып тастауға жатады. Технологиялық сынап көру мен зерттеу үшін берілетін көмірсутектердің, минералдық шикізаттың, жерасты сулары мен емдік балшықтардың көлемі көмірсутектердің, минералды шикізаттың, жерасты сулары мен емдік балшықтың тиісті түрлері (сұрыптары) үшін ұлттық стандарттарда көрсетілген технологиялық сынамалардың ең төмен массасымен шектеледі.



Бұл ретте технологиялық сынап көру мен зерттеулер жүргізу үшін берілген көмірсутектердің, минералды шикізаттың, жерасты сулары мен емдік балшықтың көлемдерін жоғарыда көрсетілген жалпы өндіру көлемінен алып тастау олар өткізілген жағдайда, оның ішінде бастапқы қайта өңдеуден (байытудан) кейін, сондай-ақ оларды қайта өңдеу кезінде жүргізілмейді.";

135) 744-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"744-бап. Салық салу объектісі

Қазақстан Республикасының осы мақсаттар үшін уәкілеттік берілген мемлекеттік органы бекіткен кен орнын игерудің техникалық жобасында белгіленген жер қойнауындағы нормаланатын ысыраптардың шегінен асатын салықтық кезеңдегі жер қойнауындағы нақты ысыраптар көлемі ескеріле отырып, салық кезеңі ішінде жер қойнауын пайдаланушы өндірген минералды шикізаттың немесе қатты пайдалы қазбалардың физикалық көлемі (салық салынатын көлем) салық салу объектісі болып табылады.

Бұл ретте жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын геологиялық зерделеу жөніндегі уәкілетті органға жер қойнауын пайдаланушы өткен (есепті) жылы өндірген минералды шикізаттың немесе қатты пайдалы қазбалардың физикалық көлемі туралы мәліметтерді осындай уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша есепті жылдан кейінгі жылдың 30 сәуірінен кешіктірмей береді.

Салық салу объектісін айқындау мақсаттары үшін өндірілген минералды шикізат пен пайдалы қазбалар геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері, минералдық ресурстар мен минералдық қорлар туралы жария есептіліктің Қазақстан кодексі (KAZRC кодексі) бойынша қорларды есепке алуға көшу күнінің алдындағы күнгі жағдай бойынша қолданыстағы мемлекеттік баланс шеңберінде, сондай-ақ кен орнында есептен шығарылған қорлар (ысырапты қайтару) құрамынан өндірілетін минералдық шикізат ескеріле отырып айқындалады.

Бұрын пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссия бекітпеген минералды шикізат немесе қатты пайдалы қазбалар бойынша өндірілген минералды шикізат немесе пайдалы қазбалар KAZRC кодексіне сәйкес пайдалы қазбалардың экономикалық алынатын (дәлелденген, ықтимал) қорлары шеңберінде айқындалады.

Осы баптың мақсаттары үшін жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органға берілетін минералды шикізат қорларының есептік және жиынтық баланстарында пайдаланылатын өлшем бірліктері қолданылады.

Жерасты ұңғымалық сілтілеу әдісімен өндіру шеңберінде жер қойнауына қайтарылған уран көлемі салық салу объектісі болып табылмайды.";

136) 745-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Салықтық кезеңде салық салынатын көлемнің құны пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу үшін салықтық база болып табылады.";

2-тармақтың 3) тармақшасындағы "минералды шикізат" деген сөздер "минералды шикізат болып бөлінеді" деген сөздермен ауыстырылып, 4) және 5) тармақшалар алып тасталсын;

3-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу мақсатында салық салынатын көлемнің құны:";

1) тармақшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы баптың 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген минералды шикізаттың салық салынатын көлеміндегі пайдалы қазбалардың құны салықтық кезең үшін осындай пайдалы қазбалардың орташа биржалық бағасы негізінде айқындалады.";

2) тармақшаның екінші және үшінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"осы баптың 4-тармағында көрсетілген минералды шикізаттың айналыстан шыққан қорларының салық салынатын көлемінің құрамындағы пайдалы қазбалардың құны - осы тармақтың 1) тармақшасында айқындалған тәртіппен;

өндірілген пайдалы қазбалардың салық салынатын минералдық шикізат көлемдеріндегі басқа да түрлеріне - оларды өткізудің орташа өлшемді бағасы негізге алына отырып, ал басқа заңды тұлғаларға және (немесе) бір заңды тұлға шеңберіндегі құрылымдық бөлімшеге кейіннен қайта өңдеу және (немесе) өз өндірістік мұқтаждарына пайдалану үшін берілген жағдайда - халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалатын пайдалы қазбалардың осындай түрлеріне келетін өндіру мен бастапқы қайта өңдеудің (байытудың) нақты өндірістік өзіндік құнын негізге ала отырып, 20 пайызға ұлғайтылған;"

6-тармақта:

бірінші бөліктің 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы баптың 4-тармағында көрсетілген пайдалы қазбалардың құны - осы баптың 3-тармағының 1) тармақшасында айқындалған тәртіппен;

2) осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген пайдалы қазбалардың басқа да түрлерінің құны - халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалатын пайдалы қазбалардың осындай түрлеріне сай келетін, 20 пайызға ұлғайтылған өндіру мен бастапқы қайта өңдеудің (байытудың) нақты өндірістік өзіндік құны негізінде;"

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Минералдық шикізатты, оның ішінде тек бастапқы қайта өңдеуден (байытудан) өткен және осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген салық салынатын көлемдердегі пайдалы қазбаларды кейіннен өткізген жағдайда, осы баптың 4-

тармағында көрсетілген пайдалы қазбалардан басқа, жер қойнауын пайдаланушы пайдалы қазбаларды өндіруге есептелген салық сомасына түзету жүргізуге міндетті. алғашқы сату орын алған салық кезеңіндегі нақты орташа өлшенген сату бағасын ескере отырып.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Осы баптың мақсатында салықтық кезең үшін өткізудің орташа өлшемді бағасы мына формула бойынша айқындалады:

$B_{ор.} = (V1 \text{ ө.п.} \times B1\text{ө.} + V2 \text{ ө.п.} \times B2 \text{ ө.} \dots + Vn \text{ ө.п.} \times Bn \text{ ө.}) / V$  жалпы өткізу, мұнда:

$V1 \text{ ө.п.}$   $V2 \text{ ө.п.}$ ,...  $Vn \text{ ө.п.}$  - салықтық кезеңде өткізілетін минералды шикізаттың немесе қатты пайдалы қазбалардың әрбір партиясының көлемі;

$V1 \text{ ө.}$ ,  $B2 \text{ ө.}$ ...  $Bn \text{ ө.}$  - салықтық кезеңде әрбір партия бойынша минералды шикізатты немесе қатты пайдалы қазбаларды өткізудің нақты бағалары;

$n$  - салықтық кезеңде өткізілген минералды шикізат немесе қатты пайдалы қазбалар партияларының саны;

$V$  жалпы өткізу - салықтық кезеңде минералды шикізатты немесе қатты пайдалы қазбаларды өткізудің жалпы көлемі.

Бұл ретте, егер өткізудің орташа өлшемді бағасы халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалатын, өткізілетін минералды шикізаттың немесе қатты пайдалы қазбалардың 20 пайызға ұлғайтылған өндірістік өзіндік құнынан төмен болса, онда салықтық кезеңде өткізудің орташа өлшемді бағасы 20 пайызға ұлғайтылған осындай өндірістік өзіндік құн негізінде айқындалады.

Жер қойнауын пайдаланушы өткізудің орташа өлшемді бағасын бүкіл салық салынатын көлемге, оның ішінде бір заңды тұлға шеңберінде құрылымдық бөлімшеге кейіннен қайта өңдеу үшін өндірудің өндірістік өзіндік құны бойынша берілген және (немесе) тауар өнімін өндіру үшін бастапқы шикізат ретінде пайдалануды қоса алғанда, жер қойнауын пайдаланушының өз өндірістік мұқтаждарына пайдаланылған көлемдерге қолданады.";

137) 746-баптың 1-тармағының төртінші және бесінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, кен орны бойынша баланстан тыс қорлардың құрамынан өндірілетін пайдалы қазбалардың және минералды шикізаттың барлық түріне пайдалы қазбаларды өндіру салығы 0 пайыз мөлгерлеме бойынша төленеді".

"Осы баптың мақсатында баланстан тыс қорларға KAZRC кодексі бойынша қорларды есепке алуға көшудің алдындағы күнгі жағдай бойынша Пайдалы қазбалар

қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссияның оларды бекітуі негізінде кен орны бойынша баланстан тыс қорларға жатқызылған минералды шикізат немесе қатты пайдалы қазбалар жатады.

Бұл ретте пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық мөлшерлемесі өндіру рентабельділігі төмен кен орындарында баланстан тыс қорлардың құрамынан жүзеге асырылатын пайдалы қазбалар мен минералдық шикізатты өткізу жағдайларын қоспағанда, жоғарыда көрсетілген баланстан тыс қорлардың құрамынан алынатын минералдық шикізат пен қатты пайдалы қазбалар өткізілген жағдайда, оның ішінде бастапқы қайта өңделгеннен (байытылғаннан) және (немесе) қайта өңделгеннен кейін 0 пайыз қолданылмайды пайдалы қазбаларды өндіру салығы осы баптың 2-тармағына сәйкес белгіленеді.";

138) 766-баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Каспий теңізінің қазақстандық секторында толық орналасқан жер қойнауы учаскесінде (учаскелерінде) көмірсутектерді өндіруге және (немесе) бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарт;

2) тау-кендік бөлуде немесе тау-кендік бөлу болмаған кезде көмірсутектерді өндіруге немесе барлауға және өндіруге арналған келісімшартта көрсетілген көмірсутектер кен жатындары жоғарғы нүктесінің тереңдігі 4500 метрден жоғары емес және тау-кендік бөлуде немесе тау-кендік бөлу болмаған кезде көмірсутектерді өндіруге немесе барлауға және өндіруге арналған келісімшартта көрсетілген көмірсутектер кен жатындары төменгі нүктесінің тереңдігі 5000 метр және одан төмен жер қойнауы учаскесі (учаскелері) бойынша көмірсутектерді өндіруге және (немесе) барлауға және өндіруге арналған келісімшарт жасасқан жер қойнауын пайдаланушы заңды тұлғалар тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемнің, пайдалы қазбаларды өндіру салығының және үстеме пайда салығының орнына қолдануға құқылы.";

139) 767-бапта:

3-тармақ мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың мақсатында жер қойнауын пайдалану жөніндегі ұлттық компанияның немесе акциялары (жарғылық капиталға қатысу үлестері) осындай тікелей немесе жанама түрде жер қойнауын пайдалану жөніндегі ұлттық компанияға тиесілі заңды тұлғаның міндеттемелерін стратегиялық әріптес барлау кезеңінде коммерциялық табуға дейін есептен шығарған кезде пайда болған оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі кіріс ретінде қаралмайды.";

4-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"теріс бағамдық айырма сомасының оң бағамдық айырма сомасынан, оның ішінде осы Кодекстің 258-бабына сәйкес шегерімдерге жатқызылатын шығыстар құрамында асып кетуі шегерімге жатпайтыны;"

140) 774-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:

"б) мынадай қызмет түрлерін:

консультациялық және маркетингтік көрсетілетін қызметтерді;

бухгалтерлік есепке алу немесе аудит саласындағы қызметті;

сақтандыру брокері мен сақтандыру агентінің қаржылық, сақтандыру қызметін және делдалдық қызметін;

құқық, әділет және сот төрелігі саласындағы қызметті;

цифрлық майнингті жүзеге асыру бойынша және (немесе) цифрлық активтер айналымы бойынша қызметті жүзеге асыратын адамдар";

141) мынадай мазмұндағы 24-1-бөліммен толықтырылсын:

"24-1-бөлім. Жалақыдан бірыңғай төлем";

142) мынадай мазмұндағы 89-1-тараумен толықтырылсын:

"89-1-тарау. Жалақыдан бірыңғай төлем";

143) мынадай мазмұндағы 776-1-баппен толықтырылсын:

"776-1-бап. Жалақыдан бірыңғай төлем төлеушілер

1. Салық салу объектілері бар Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар (бұдан әрі – жеке тұлға) жалақыдан бірыңғай төлем төлеушілер болып табылады.

2. Жалақыдан бірыңғай төлем төлеушілер осы төлеммен салынған кірістер бойынша осы Кодекстің 8-бөлімінің ережелеріне сәйкес төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығын төлеушілер болып табылмайды.";

144) мынадай мазмұндағы 776-2-баппен толықтырылсын:

"776-2-бап. Жалақыдан бірыңғай төлеммен салық салу объектісі

Мыналар:

жеке табыс салығы, міндетті зейнетақы жарнасы, міндетті медициналық сақтандыруға арналған жарна үшін – жұмыскердің осы Кодекстің 322-бабында көзделген, төленетін (төленуге жататын) кірісі;

әлеуметтік аударымдар, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті медициналық сақтандыруға аударымдар үшін – жұмыс берушінің жұмыскерге еңбекақы ретінде кіріс түрінде төлейтін шығыстары осы Кодекстің 77-тарауының 3-параграфында және 78-тарауында көзделген арнаулы салық режимдерін қолданатын микро және шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын адамдар үшін салық салу объектісі болып табылады.";

145) мынадай мазмұндағы 776-3-баппен толықтырылсын:

"776-3-бап. Жалақыдан төленетін бірыңғай төлемді есептеу және төлеу тәртібі

1. Жалақыдан төленетін бірыңғай төлемді есептеуді, ұстап қалуды және аударуды, сондай-ақ салықтық есептілікті ұсынуды салық агенті осы тарауда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүргізеді.

2. Осы тараудың мақсатында салық агенттері деп осы Кодекстің 77-тарауының 3-параграфында және 78-тарауында көзделген арнаулы салық режимдерін қолданатын, жеке тұлғаға жалақы түрінде кіріс төлейтін, микро және шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар танылады.

3. Жалақыдан төленетін бірыңғай төлемді есептеуді салық агенті салық салу объектісін есепке жазу кезінде жүргізеді.

4. Жалақыдан бірыңғай төлемді ұстап қалуды салық агенті төлем көзінен салық салуға жататын кіріс төленетін күннен кешіктірмей жүргізеді.

5. Салық агенті төленген кірістер бойынша жалақыдан бірыңғай төлем аударуды кіріс төлеу жүзеге асырылған ай аяқталғаннан кейін күнтізбелік жиырма бес күннен кешіктірмей, өзінің тұрған жері бойынша екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының банктік шотына жалпы сомамен жүзеге асырады.

Жалақыдан бірыңғай төлемді жеке табыс салығы және әлеуметтік төлемдер түрінде төлеу, бөлу және аудару, сондай-ақ оларды қайтару Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

6. Жалақыдан төленетін бірыңғай төлем мөлшерлемесі салық салу объектісіне қолданылады және:

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 21,5 пайызды;

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – 22,5 пайызды;

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – 24,8 пайызды;

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап – 25,8 пайызды;

2027 жылғы 1 қаңтардан бастап - 26,3 пайызды құрайды.

7. Жалақыдан төленетін бірыңғай төлемге төлем көзінен салық салуға жататын кірістерден жеке табыс салығының төленуге тиіс сомалары, Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес төленетін міндетті зейнетақы жарналары, "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төленетін әлеуметтік аударымдар, "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төленетін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар мен аударымдар кіреді.

8. Бірыңғай төлем төлеушінің жалақыдан бірыңғай төлем сомасынан жеке табыс салығы:

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 8,4 пайызды;

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – 8 пайызды;

2028 жылғы 1 қаңтардан бастап – 7,3 пайызды;

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап – 7 пайызды;

2027 жылғы 1 қаңтардан бастап – 6,8 пайызды құрайды.";

146) мынадай мазмұндағы 776-4-баппен толықтырылсын:

"776-4-бап. Салықтық кезең

1. Салық агенттері жалақыдан төленетін бірыңғай төлемді есептеу үшін салықтық кезең күнтізбелік ай болып табылады.

2. Жалақыдан төленетін бірыңғай төлем сомалары осы Кодекстің 688, 701, 707-баптарында көзделген тәртіппен тиісті декларацияларда көрсетіледі.";

147) мынадай мазмұндағы 776-5-баппен толықтырылсын:

"776-5-бап. Төлем көзінен салық салуға жататын жұмыскерлердің кірістеріне салық салу тәртібін айқындау

1. Салық агенті тиісті декларацияда осы тараудың ережелеріне сәйкес немесе осы Кодекстің 8-бөлімінің ережелеріне сәйкес төлем көзінен салық салуға жататын жұмыскерлердің кірістеріне салық салудың бірыңғай тәртібін дербес айқындайды.

2. Бастапқы немесе кезекті декларацияда төлем көзінен салық салуға жататын жұмыскерлердің кірістеріне салық салудың таңдап алынған тәртібі өзгертуге жатпайды .";

148) мынадай мазмұндағы 776-6-баппен толықтырылсын:

"776-6-бап. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының жалақыдан бірыңғай төлем шеңберіндегі құзыреті

1. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы жалақыдан бірыңғай төлем шеңберінде мемлекеттік монополияға жататын мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) жеке сәйкестендіру нөмірі базасында жалақыдан бірыңғай төлем төлеушілерді дербестендірілген есепке алуды жүргізеді;

2) жалақыдан бірыңғай төлем төлеушілерді дербестендірілген есепке алуды жаңартып отырады;

3) жалақыдан бірыңғай төлем сомасын Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және салық агентінің орналасқан жері бойынша тиісті бюджетке бөледі және аударды;

4) жалақыдан бірыңғай төлемнің қате (артық) төленген сомаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен қайтаруды жүзеге асырады.

2. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы өндіретін және (немесе ) өткізетін жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағаларын монополияға қарсы органмен және уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен орталық мемлекеттік органдардың қатарынан айқындалатын уәкілетті орган белгілейді."

2. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-бапта:

б) тармақшадағы "қолданылады деп белгіленсін." деген сөздер "қолданылады;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) 463-баптың 4-тармағы 1) тармақшасының 7, 8-жолдары 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі деп белгіленсін.";

2) 33-баптың 2) тармақшасында:

мынадай мазмұндағы он екінші абзацпен толықтырылсын:

"1-1. Төлем көзінен, жалақыдан бірыңғай төлем төлеушінің салық салуға жататын кірістері бойынша жеке табыс салығын есептеуді, ұстап қалуды және аударуды, сондай-ақ салықтық есептілікті ұсынуды салық агенті осы Кодекстің 89-1-тарауында белгіленген тәртіппен жүргізеді.";

мынадай мазмұндағы қырық үшінші абзацпен толықтырылсын:

"10-2) Қазақстан Республикасының заңнамасында нысанды киім киіп жүру және ( немесе) онымен қамтамасыз ету жөніндегі міндет белгіленген жағдайларда, жұмыскерге берілген нысанды киімнің құны;"

елу сегіз – алпыс алтыншы абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"23) мұндай тұлғаға кредит (қарыз, ипотекалық қарыз, ипотекалық тұрғын үй қарызы, микрокредит) берілгеннен кейін басталған мынадай:

қарыз алушы-жеке тұлға соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде хабарсыз кеткен, әрекетке қабілетсіз, әрекет қабілеті шектеулі деп танылған немесе соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде ол қайтыс болды деп жарияланған;

қарыз алушы-жеке тұлғаға I немесе II топтағы мүгедектік белгіленген, сондай-ақ қарыз алушы-жеке тұлға қайтыс болған;

асыраушысынан айырылған, жүктілігіне және босануына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуына, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылған жағдайларда "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әлеуметтік төлемдер алатын қарыз алушы-жеке тұлғаның көрсетілген төлемдерден басқа кірісі болмаған;

қарыз алушы-жеке тұлғаның және банк (микроқаржы ұйымы, ипотекалық ұйым) алдында қарыз алушы-жеке тұлғамен бірлесіп ортақ немесе субсидиарлық жауапкершілікте болатын үшінші тұлғалардың өндіріп алуды қолдануға болатын мүлкі, оның ішінде ақшасы, бағалы қағаздары, немесе кірістері болмаған және Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасына сәйкес сот орындаушысы оның мүлкін немесе кірістерін анықтау бойынша қолданған шаралар нәтижесіз болған жағдайда, сот орындаушысының банкке (микроқаржы ұйымына, ипотекалық ұйымға) атқарушылық құжатты қайтару туралы қаулысы заңды күшіне енген;

ипотекалық шарт жасалған күнге негізгі міндеттемені толық қамтамасыз еткен кепілге салынған мүлік негізгі міндеттеме сомасынан төмен бағамен соттан тыс тәртіппен сауда-саттықта сатылған немесе кепілге салынған мүлік сатылғаннан кейін



өтелмеген кредиттің (ипотекалық қарыздың, ипотекалық тұрғын үй қарызының, микрокредиттің) сомасына "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мұндай мүлік кепіл ұстаушының меншігіне өткен жағдайларда, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес кредит (ипотекалық қарыз, ипотекалық тұрғын үй қарызы, микрокредит) бойынша, оның ішінде негізгі борыш, сыйақы, комиссия және тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) бойынша міндеттемелер тоқтатылған кездегі кіріс.

Осы тармақшаның бірінші бөлігі бесінші, алтыншы абзацтарының ережелері:

банктің (ипотекалық ұйымның, микроқаржы ұйымының) жұмыскеріне, банк (ипотекалық ұйым, микроқаржы ұйымы) жұмыскерінің жұбайына (зайыбына), жақын туыстарына, банкпен (ипотекалық ұйыммен, микроқаржы ұйымымен) өзара байланысты тарапқа берілген;

талап ету құқығын басқаға беру және (немесе) борышты аудару жүргізілген кредит (ипотекалық қарыз, ипотекалық тұрғын үй қарызы, микрокредит) бойынша міндеттемелердің тоқтатылуына қолданылмайды;"

жетпіс алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"24) қарыз алушы үшін банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның, сондай-ақ коллекторлық агенттіктің сотқа берілетін талап қою арызынан алынатын мемлекеттік бажды төлеуі нәтижесінде мұндай адам алған кіріс түрінде берілген кредит (қарыз, ипотекалық қарыз, ипотекалық тұрғын үй қарызы, микрокредит) бойынша Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес міндеттемелер тоқтатылған кезде түзілген кіріс:"

мынадай мазмұндағы жетпіс сегізінші абзацпен толықтырылсын:

"25-1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру бағдарламасы шеңберінде ипотекалық ұйым сатып алған тұрғын үйді жалдау бойынша берешекті есептен шығару кезінде пайда болған кіріс;"

бір жүз елу үшінші абзацпен толықтырылсын:

"51) "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Заңға сәйкес банкроттық немесе төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі қолданылған борышкердің міндеттемелерін есептен шығару;

жүз жетпіс төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"17) осы баптың 1) – 16) тармақшаларында көрсетілмеген, Қазақстан Республикасының аумағында немесе Қазақстан Республикасынан тыс жердегі көздерден алынған басқа да кірістер;"

екі жүз алпыс бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"8) эмитенттері Қазақстан Республикасында тіркелген бағалы қағаздар, туынды қаржы құралдары (базалық активті сатып алу немесе өткізу арқылы орындалатын

туынды қаржы құралдарын қоспағанда), цифрлық актив, Қазақстан Республикасында тіркелген заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлестері.";

мынадай мазмұндағы екі жүз алпыс алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген жылжымайтын мүлікке құқықтарды ерлі-зайыптылардың біреуінің мұраға қалдыру кезіндегі құн өсімін айқындау мақсаттары үшін осы тармақшаларда көрсетілген кезең ерлі-зайыптылардың осындай мүлікке ортақ бірлескен меншік құқығы тіркелген күннен бастап айқындалады.";

екі жүз жетпіс тоғызыншы және екі жүз сексенінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Ғимаратты, ғимараттың бір бөлігін өткізетін, дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлға салған ғимаратты, ғимараттың бір бөлігін өткізген кезде осындай мүлікті өткізу бағасы (құны) мен осындай ғимаратты, ғимараттың бір бөлігін салу үшін сатып алынған жер учаскесінің құны арасындағы оң айырма құн өсімінен түсетін кіріс болып табылады. Ғимараттың бір бөлігін өткізу кезінде жер учаскесінің құны ғимараттың өткізілетін бөлігінің құнына бара-бар түрде айқындалады.

Кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын, бұрын жеке тұрғын үйден реконструкцияланған ғимарат өткізілген жағдайда, осындай мүлікті өткізу бағасы (құны) мен оны жеке тұрғын үй ретінде сатып алу құны арасындағы оң айырма құн өсімінен түсетін кіріс болып табылады.";

екі жүз тоқсан бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, жеке тұлғаның цифрлық активті, бағалы қағаздарды өткізген кезде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жердегі көздерден алған кірісі өткізу құны мен сатып алу құны арасындағы оң айырма ретінде айқындалады.";

мынадай мазмұндағы төрт жүз елу екінші абзацпен толықтырылсын:

"8-1) ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайларын өткізу кезінде құн өсімінен түсетін кірістер;";

бес жүз қыркыншы абзац алып тасталсын;

бес жүз қырық алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"41) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерлерде бюджет қаражаты есебінен төленетін мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек, жәрдемақылар мен өтемақылар, сондай-ақ тұрғын үй қатынастары туралы заңнамаға сәйкес жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үйге ақы төлеу үшін бюджет қаражатынан субсидиялар;";

алты жүз жиырма үшінші – алты жүз жиырма бесінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салықтық шегерімді қолдану үшін растайтын құжаттар ерікті зейнетақы жарналарының төленгенін растайтын құжат болып табылады.";

сегіз жүз он бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Егер осы Кодекстің 365-бабының 3-тармағында өзгеше белгіленбесе, салықтық кезең қорытындысы бойынша жеке табыс салығын төлеуді салық төлеуші жеке табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей дербес жүзеге асырады:";

3) 45-2-баптың он бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бағалы қағаздар, туынды қаржы құралдары (орындалуы базалық активті сатып алу немесе өткізу арқылы жүргізілетін туынды қаржы құралдарын қоспағанда), цифрлық активтер;"

4) мынадай мазмұндағы 46-1-баппен толықтырылсын:

"46-1-бап. Салық кодексінің 683-бабы 2-тармағы 3) тармақшасы алтыншы абзацының қолданысы 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы абзац мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"жер қойнауын пайдалануды (кен іздеушілікке арналған лицензия негізінде жүзеге асырылатын жер қойнауын пайдалану жөніндегі қызметті қоспағанда);".";

5) мынадай мазмұндағы 57-10-баппен толықтырылсын:

"57-10-бап. Салық кодексінің 553-бабы 4-тармағындағы кестенің 4.4.1 – 4.4.3-жолдарының қолданысы 2028 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде бұл жолдар мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

4.4.	№3 санатындағы көлік құралдары (ершікті тартқыштар)	
4.4.1.	шығарылған жылын қоса алғанда, 2 жылға дейін	0
4.4.2.	шығарылған жылын қоса алғанда, 2 жылдан 3 жылға дейін	0
4.4.3.	шығарылған жылын қоса алғанда, 3 жылдан 7 жылға дейін	0
4.4.4.	шығарылған жылын қоса алғанда, 7 жылдан бастап және одан да көп жыл	2500
...	...	...

".  
;

б) мынадай мазмұндағы 57-11-баппен толықтырылсын:

"57-11-бап. 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап 2021 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттің аумағына бұрын Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағына қайта өңдеу үшін әкетілген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімдерінің экспортын растау мақсаттары үшін тауарға ілеспе құжаттардың көшірмелері қолданылуы мүмкін деп белгіленсін.";

7) мынадай мазмұндағы 57-12-баппен толықтырылсын:

"57-12-бап. 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап 2020 жылғы 31 желтоқсан аралығында лотерея операторы лотерея билеттерін, түбіртектерді немесе өзге де құжаттарды өткізген кездегі айналым мөлшері өткізілген лотерея билеттерінің, түбіртектер мен өзге де құжаттардың құны мен лотереяға қатысушыларға төленген ұтыстар, сондай-ақ салықтық емес төлем түрінде бюджетке есепке жатқызылатын талап етілмеген ұтыстар арасындағы оң айырма мөлшерінде айқындалады деп белгіленсін.".

2-бап. Осы Заң:

1) 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағының 25) тармақшасын, 66) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын, 2-тармағы 3) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтарын;

2) 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағы 1) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын, 48 тармақшасының алтыншы және жетінші абзацтарын, 72) тармақшасының екінші абзацын;

3) 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағының 44) тармақшасын, 60) тармақшасының екінші – он бесінші абзацтарын, 61) тармақшасының бесінші – жетінші абзацтарын, 2-тармағының 2) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтарын;

4) 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағының 43) және 123) тармақшаларын, 2-тармағы 2) тармақшасының алтыншы – он жетінші, жиырма екінші және жиырма үшінші, отыз үшінші – отыз тоғызыншы абзацтарын;

5) 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болатын 1-баптың 2-тармағы 2) тармақшасының он сегізінші және он тоғызыншы абзацтарын;

6) 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағының 23 ), 94), 95), 96) тармақшаларын, 107) тармақшасының үшінші абзацын, 109), 112) тармақшаларын, 113) тармақшасының төртінші абзацын;

7) 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағының 49) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтарын, 53), 67) және 74) тармақшаларын;

8) 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағының 1 ) тармақшасының төртінші – алтыншы абзацтарын, 3), 8), 18), 31), 39), 55), 75), 134), 135), 136) және 137) тармақшаларын;

9) 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағы 54) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтарын қоспағанда, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ